



Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

Қазақстан Республикасының

Прем'єр-Міністрі

**Қазақстан Республикасы Президентінің
ЖАРЛЫҒЫ Қазақстан Республикасының 2006 - 2024 жылдарға арналған
орнықты дамуға көшу тұжырымдамасы туралы**

Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын іске асыру мақсатында
Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының 2006 - 2024 жылдарға арналған орнықты дамуға көшу тұжырымдамасы (бұдан әрі - Тұжырымдама) **м а қ ұ л д а н с ы н**.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі үш ай мерзімде Тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі 2007 - 2009 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын әзірлесін және бекітсін.

3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары өз қызметінде Тұжырымдаманың ережелерін басшылыққа алсын.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2006 жылғы "___" _____
№ _____ Жарлығымен

бекітілген

Қазақстан Республикасының
2006 - 2024 жылдарға арналған

Астан, 2006

МАЗМҰНЫ

К і р і с п е

1. Орнықты дамуға көшудің алғышарттары мен қағидаттары
2. Тұжырымдаманың мақсаты мен міндеттері
3. ХХІ ғасырға арналған ұлттық күн тәртібінің тұжырымдамалық бағыттары
 - 3.1. Тұрақты саяси даму
 - 3.2. Қоғамның орнықты дамуы
 - 3.3. Орнықты экономикалық прогресс
 - 3.4. Экологиялық орнықтылықты қамтамасыз ету
4. ХХІ ғасырға арналған жергілікті күн тәртіптерін қалыптастыруға трансөңірлік
экожүйелік көзқарас
5. Мемлекеттің миссиясы және институционалдық қамтамасыз ету
6. Тұжырымдамада пайдаланылатын ұғымдар

Кіріспе

Қазақстан Республикасы әлемдік қоғамдастықтың толыққанды қатысушысы ретінде "ХХІ ғасырға арналған күн тәртібінде" (Рио-де-Жанейро, 1992 жыл) және Мыңжылдық Саммиттің (Нью-Йорк, 2000 жыл) және Орнықты Даму жөніндегі Әлемдік Саммиттің (2002 жыл, Йоханнесбург) декларацияларында қойылған міндеттерді орындау жөніндегі міндеттемелерді өзіне қабылдады.

Қазақстан Республикасы орнықты дамуға қол жеткізу бағытында бірқатар шаралар қолданды.

Жаһандық деңгейде 1998 жылдан бастап Қазақстан БҰҰ-ның Орнықты даму жөніндегі комиссиясының, "Еуропа үшін қоршаған орта" және "Азия үшін қоршаған орта мен орнықты даму" үдерістерінің мүшесі және белсенді қатысушысы болып табылады. 2003 жылдан бастап Қазақстан орнықты дамуға арналған Дүниежүзілік кәсіпкерлер кеңесінің өңірлік еуразиялық желісінің қатысушысы болып табылады.

Өңірлік деңгейде Қазақстан қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-қимылдың өңірлік жоспарын іске асыруға және Орталық Азия елдерінің орнықты дамуына арналған қоршаған орта жөніндегі Негіздемелік конвенциясын дайындауға қатысады, Орталық Азия орнықты даму стратегиясын (Субөңірлік күн тәртібі-21) дайындау үдерісін белсенді қолдайды.

Ұлттық деңгейде Қазақстанның 2030 жылға дейін Даму стратегиясы, Қазақстан Республикасын дамытудың 2010 жылға дейінгі стратегиялық жоспары,

Индустриялық-инновациялық дамудың 2015 жылға дейінгі стратегиясы, Қазақстан Республикасының экологиялық қауіпсіздігінің 2015 жылға дейінгі тұжырымдамасы қабылданды, Қазақстан Республикасының орнықты даму жөніндегі кеңесі, "Қазына" орнықты даму қоры" АҚ, Еуразиялық даму банкі құрылды.

Орнықты даму "Қазақстан - 2030" стратегиясының идеологиясы. Стратегияға сәйкес Қазақстанның болашағы қоғам дамуының барлық аспектілерінің бірлігімен, теңгерімділігімен байланысты. Қазақстан орнықты экономикалық өсуге, өзінің барлық азаматтары үшін әл-ауқатқа, денсаулыққа және қолайлы қоршаған ортаға қол жеткізіп келе жатқан ел ретінде қаралады. "Қазақстан - 2030" Стратегиясында: "2030 жылғы Қазақстан таза ауасы мен мөлдір суы бар таза және жасыл ел болуға тиіс. Өнеркәсіптік қалдықтар мен радиация енді біздің үйлеріміз бен бақтарымызға кіре алмайды. Біздің балаларымыз бен балаларымыздың балалары салауатты жағдайда толыққанды өмір сүреді." деп жазылған.

Президенттің 2006 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауында жарияланған Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясында орнықты даму саласында жаңа міндеттер қойылғаны заңды құбылыс. Бұл - орнықты экономикалық өсу қажеттілігі, орнықты энергетикалық саясат, қоғамның орнықты дамуының экологиялық стандарттарына көшу, орнықты бизнес-құрылымдар құру, орнықты жұмыспен қамту саясаты, Қазақстанның елордасы - Астана қаласының орнықты дамуы.

Қазіргі таңда орнықты дамуға көшу біздің еліміз үшін объективтік қажеттілікке айналуға және ұлттық идеяның негізі болуы мүмкін, қазақ халқының туған жерінің өркендеуі, оның табиғатын, мәдениетін, әрбір қазақстандықтың денсаулығы мен әл-ауқатын қорғау туралы ғасырлар бойғы арманының іске асуы мүмкін.

Қазақстанның жер қойнауының зор ресурстары, табиғи жағдайлардың алуан түрлілігі, Қазақстан халқының қайратты, дарынды және төзімді бірегей қасиеттері Қазақстан Республикасының алдында тек қана жетекші әлемдік державалардың қатарына қосылуға емес, сондай-ақ "болашақтың мемлекеті", табиғи капиталдың жаһандық тарихи көлемде сақталуы мен көбеюін қамтамасыз ететін экологиялық бағдарланған елдің үлгісі болуға мүмкіндік береді.

Ұсынылып отырған Қазақстан Республикасының орнықты дамуға көшу тұжырымдамасы оның орнықты дамуын қамтамасыз ету саласындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының мақсаттары мен басымдықтарын айқындайды және Қазақстанның әлемдік аренадағы адами өркениеттің орнықты дамуының көшбасшыларының бірі ретіндегі рөлін бекітуге, яғни, ел халқының барлық жіктері өмірінің жоғары сапасы мен озық әлеуметтік стандарттарын қамтамасыз ете отырып, саяси, экономикалық, экологиялық және әлеуметтік аспектілердің теңгерімді дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Осы Тұжырымдамада Қазақстан Республикасында қабылданған стратегиялық және

тұжырымдамалық құжаттарды қайталай, сонымен бірге тұрақты даму қағидаттарын қоғамдық өмірдің барлық салаларына енгізудің ықпалдастырушы сипатын қамтамасыз ете отырып, сол құжаттамаға негізделеді.

"Қазақстан - 2030" стратегиясының мақсаттарына, қағидаттары мен басымдықтарына сәйкес келетін осы Тұжырымдаманы іске асыру 2006 - 2024 жылдар кезеңіне арналған.

1. Орнықты дамуға көшудің алғышарттары мен қағидаттары

Елдің орнықты дамуы - қоғамдық байлықтың, табиғи капиталдың, мәдени мұраның және қоғам өмірі деңгейіне тұрақты, ұрпақтан ұрпаққа өсуін қамтамасыз ететін шарттардың, факторлардың, құралдардың жиынтығы.

XXI ғасырда әлем елдері, алдыңғы тарихи кезеңдер сияқты тұрақты өзара іс-қимылда, ынтымақтастықта және бір-бірімен бәсекелестікте болады. Жер табиғатына қатысты, елдер жаһандық экологиялық жүйенің элементі ретінде танылды. Осы тарихи кезеңге, адамзат санының өсуіне байланысты оның қуатты геологиялық және ғарыштық күш ретінде оның рөлінің артуына байланысты, жаһандану үдерістерінің күшеюімен қатар, әлем елдері арасында ықпал ету аясы мен ресурстар үшін жарыстар да күшейіп келеді. Елдің бәсекеге қабілеттілігі ішкі және сыртқы жанжалдардан аулақ бола отырып, бұл ретте жоғары халықаралық беделді, өңірлік көшбасшылық ұстанымды қамтамасыз ете отырып, мәдени ерекшелігін сақтай отырып және азаматтарының әл-ауқатын тұрақты арттыра отырып, оның теңгерімді дамуға қабілеттілігімен анықталады.

Осылайша, орнықты даму елдің бәсекеге қабілеттілігімен тығыз байланысты.

Орнықты дамудың негізгі құрамдас бөліктері - саяси, әлеуметтік, мәдени, экономикалық және экологиялық орнықтылық болып табылады. Бұл ретте, XXI ғасырда әлемдік қоғамдастықтың алдында тұрған басты міндеттердің бірі тарихи контексте адамзаттың тіршілік етуін қамтамасыз ететін әмбебап құндылық ретінде табиғатты қорғау болып табылады. Адамның техникалық мүмкіндіктерінің артуымен антропогендік қысым да өсіп келеді, ол қайтарымсыз болып қана қоймай, сонымен бірге қоғамды экологиялық дағдарыс шекараларына да әкеледі.

Экология - қоғам өмірінің әр түрлі аспектілерін жүйелі көзқарас призмасы арқылы белгілі бір шешімдерді қабылдаудың ұзақ мерзімді салдарларын түсіну арқылы қарастыратын әмбебап доктрина. Іс жүзінде, экология дегеніміз орнықты даму туралы ілім.

Халықаралық бәсекелестік есебінен XXI ғасырда әлем мемлекеттерінің тағдыры мынадай сценарийлердің бірі бойынша дамиды: бәсекеге барынша қабілетті елдер тобы халықтың экономикалық мүмкіндіктерін, табиғи әлеуетін және өмір сүру сапасын

бұлтартпай өсіре отырып, өзінің орнықты дамуын ұзақ мерзімге қамтамасыз етеді; бәсекеге қабілеттілігі орташа елдер тобы бір-бірімен бәсекелесе және орнықты даму көшбасшыларының тобына түсуге ұмтыла отырып, қалпына келтірілмейтін табиғи ресурстарды пайдалану есебінен дамитын болады; бәсекеге қабілеттілігі төмен елдер тобы ішкі проблемаларын шешу және халық өмірінің ең аз стандарттарын сақтау үшін халықаралық көмекті пайдалана отырып, стагнация деңгейінің төңірегінде ауытқып т ұ р а т ы н б о л а д ы .

Бұл ретте, көшбасшылар топтары, бәсекеге барынша қабілетті және дамыған 50 мемлекеттің мүшелері арасында белгілі бір жіктелу де болады. Олардың арасындағы үздіктері әрбір азаматтың мүддесіне әрекет ететін және тек қана қоршаған ортаны қорғау емес, табиғатпен неғұрлым толық үйлесімдікке ұмтылатын әділ қоғам орнату жөніндегі маңызды міндеттерді шеше алады.

Қазақстан Республикасының тағдыры және оның әлемдік аренадағы ұстанымы е л е у л і е р е к ш е л і к т е р г е и е .

Қазақстан Республикасы Еуразия құрлығының экологиялық тұрақтылығын қамтамасыз етуде ерекше рөл атқарады. Еуропа мен Азия арасында саяси, мәдени және экономикалық көпір бола отырып, Қазақстан құрлықта ландшафттар мен экологиялық жүйелер үшін ұқсас байланыстырушы функция атқарады. Қазақстан аумағының көлемі , климат жағдайларының әртүрлілігі, өңірдің су теңгерімінің ерекшеліктері Еуразияның барлық аумағындағы жағдайдың Қазақстанның экологиялық тұрақтылығына айтарлықтай тәуелділігіне алып келеді.

Қазақстандағы саяси ахуал бүкіл әлемге тұрақтылықтың, конфессияаралық келісімнің, барлық қоғамдық жіктердің мүддесінде демократияны және қоғамдық институттарды нығайтудың бірегей үлгісін танытып отыр. Қазақстанның орнықты саяси дамуы әлемдік геосаясаттың ірі орталықтарының: Ресейдің, Қытайдың, Еуропаның, АҚШ-тың, ислам әлемінің орнықты дамуының міндетті шарты болып табылатыны сөзсіз. Қазақстан бұл күштер үшін бірегей "тепе-теңдік орталығы" болып табылады. Қазақстан Республикасының саясаты көп векторлы ғана емес - ол Қазақстанның теңгерімделген бастамалардың көзі ретінде қалыптасуын қамтамасыз е т е д і .

Қазақстан қазіргі заманғы дамудың неғұрлым күшті бағыттарының квинтэссенциясын өзіне шоғырландырады: бұл "ұлы даланың" еуразиялық дәстүрі, бай табиғи ресурстары, төзімділік, тұрақтылық және ашықтық идеяларына негізделген зайырлы әлеуметтік бағдардағы мемлекет.

Осы тұрғыда Қазақстан Республикасына оның дүниежүзілік орнықты дамудың кепілгер мемлекетінің мәртебесі және функциясын ықтимал алу көзқарасынан алғанда ө з і н е т е н д е с і ж о қ .

Бұл ретте Қазақстан өз дамуында осы Тұжырымдаманы іске асыру шеңберінде болдырылмауы тиіс едәуір кедергілерге (қауіп-қатерге) кезігеді.

Келеңсіз факторлардың ішінен бірінші кезекте, халықтың төмен тығыздығы кезінде зор аумақтық ресурстардың болуын айту қажет, бұл ретте өңірлік көрші елдер арасында еңбек ресурстарының едәуір көптігі және аумақ тапшылығы орын алуда.

Ел экономикасы белгілі бір дәрежеде шикізат секторына тәуелді, өңдеуші өнеркәсіп өз дамуында енді ғана қарқын алып келеді, жоғары технологияларды қолдану үлесі т ө м е н .

Ел энергетикалық ресурстарды ішкі пайдаланумен салыстырғанда ресурстарды пайдалану тиімділігінің (РПТ) көрсеткіші салыстырмалы төмен болған кезде оларды теңбе-тең экспорттамағанда айтарлықтай энергетикалық теңгерімсіздік орын алды. Табиғи ортаның құлдырауынан, қалпына келтірілмейтін табиғи ресурстарды өндіруден, өндіру және қайта өңдеу салаларындағы теңгерімсіздіктен көрінетін экономиканың жұмыс істеу үдерісінде пайдалы құндылықтардың жоғалуы өте мол (1-сурет).

Қазіргі заманда адам өмірінің сапасы үш негізгі құрамдас бөліктермен - айқындалады: өмірдің ұзақтығымен, әл-ауқатының деңгейімен, қоршаған ортаның жай-күйімен:

Өмір сапасы = Өмір ұзақтығы x Әл-ауқаты x Қоршаған ортаның жай-күйі

Қазақстан Республикасында халықтың денсаулық жағдайы, адамдардың өмірінің ұзақтығы мен сапасы қазіргі заманғы озық үлгілерден едәуір артта қалып отыр. Халық сауаттылығының жоғары деңгейіне, білім беру және ақпараттық ресурстарға жеткілікті қол жетімділігіне қарамастан, орта және жоғары білімнің, іргелі және қолданбалы ғылым ұстанымдары әрқашанда биік емес. Қазақстан өңірлерінің экономикалық және әлеуметтік жағдайларында айтарлықтай алшақтық орын алған. Терең тарихи дәстүрлер, патриотизм, еркіндік, жауапкершілік, меншікті және жеке өмірді құрметтеу идеалдары негізінде көпшіліктің құқықтық, экологиялық, экономикалық санасы қалыптастыруды қ а ж е т е т е д і .

Әлемдік қоғамдастықтың көшбасшылары жоғары қарқынмен дамуын жалғастырғандықтан және Қазақстанға көшбасшы ұстанымдарға жету үшін әлеуметтік-экономикалық прогрестің қарқынын жеделдетуді қамтамасыз ету қажет болғандықтан, Қазақстан Республикасында осы кедергілерді жеңу тарихи қысқа мерзімде өтуді жүзеге асырылуы қажет.

Қазақстан Республикасының алдағы кезеңге арналған орнықты дамуын бағалау және мониторингтеу үшін, өмір сүру деңгейі, орта сапасы, халық өмірінің ұзақтығы (өмір сүру сапасының қорытынды көрсеткішіне кіретін) сияқты орнықты даму индикаторларын пайдалану қажет. Орнықты дамудың негізін қалаушы параметрлерінің қатарына сонымен бірге халық саны, елдің табиғи ресурстарын жиынтық тұтыну, жиынтық өндірілген өнім, экологиялық орнықтылық коэффициенті (1-сурет) жатады.

Қазіргі уақытта Қазақстан бойынша барлық өндірістердің, технологиялар және үдерістердің орташаландырылған РТП-ы 31 %-ға тең, бұл орташа әлемдік деңгейден артық (24 %), бірақ әлемнің бәсекеге барынша қабілетті елдерінен 1,15 есе аз (Жапония

- 36 %, АҚШ - 34 %, Германия - 33 %).

Бәсекеге барынша қабілетті 50 ел бойынша өткізілген талдауға сәйкес ЖІӨ өсімінің 50 %-ынан астамы жаңа ғылымды қажетсінетін өндірістер есебінен қамтамасыз етіледі. ЖІӨ-дегі шағын және орта бизнестің үлесі 40 %-дан төмен емес деңгейде, қайта өңдеу индустриясының өнімінің экспортындағы үлесі жалпы көлемнің - 40 %-ы деңгейінде, жоғары технологиялық өнімнің экспортындағы үлесі - 10-15 % болуы тиіс. Әкелінетін азық-түлік өнімдерінің үлесі 30 %-дан аспауға тиіс.

Бәсекеге қабілетті жетекші елдерде халықтың байларының 10 %-ы мен кедейлерінің 10%-ы табыстарының арақатынасы 8:1-ден жоғары емес деңгейде қалыптасқан. Жұмыссыздық деңгейі 8-9 %-дан аспайды. ЖІӨ-ден ғылымға бөлінетін мемлекеттік қаражаттың үлесі 2 %-дан төмен емес деңгейде, ал білім беруге арналған ең аз шығындар - ЖІӨ-ның 8 %-ынан төмен емес.

76 параметрдің есебіне негізделген (экожүйе жай-күйінің, экологиялық күйзеліс, халық денсаулығының экологиялық аспектілері, мемлекеттің әлеуметтік және институционалдық мүмкіндіктері және халықаралық белсенділігінің көрсеткіштерін қоса алғанда) Йель экологиялық заңнама және саясат жөніндегі орталығының (Йель университеті) және Жер туралы ғылымдардың халықаралық ақпараттық желісінің Колумбия орталығының (Колумбия университеті) экологиялық орнықтылық индексі бойынша Қазақстан Республикасы 63,8 индексмен 70-орында тұр, ал көшбасшыларда - Жаңа Зеландияда, Швеция мен Финляндияда бұл көрсеткіш 87-88 баллға жеткен (қосымшаны қараңыз).

Халықаралық қоғам, табиғат және адам университетінің (Дубна, Ресей) өмір сүру сапасы индексі бойынша рейтинг көшбасшысы Норвегияда 3,83 коэффициент болса, Қазақстан 1,05 коэффициентпен 78-орында (3-кесте).

Алдағы салауатты өмірдің орташа ұзақтығы мен халықтың жан басына шаққандағы жиынтық ішкі өнімнің көлемі бойынша Қазақстан Республикасының әлемнің негізгі елдерінің арасындағы жағдайы 2-суретте бейнеленген. Алдағы салауатты өмірдің орташа ұзақтығы мен экологиялық тұрақтылық индексінің арақатынасы бойынша Қазақстан Республикасының жағдайы 3-суретте бейнеленген. Экологиялық тұрақтылық пен халықтың жан басына шаққандағы энергияны тұтыну индексі бойынша Қазақстан Республикасының жағдайы 4-суретте бейнеленген.

Осылайша, елдің дамыған 50 мемлекеттің құрамына кіруі бойынша қол жеткізген жетістіктері мен жоспарлары Қазақстанның дамуына деген қалыптасқан көзқарасты қайта қарауды талап етеді.

Конституцияда кепілдік берілген азаматтардың әлеуметтік-экономикалық құқықтарын іске асыруды қамтамасыз ететін мемлекеттік нормалар мен нормативтерді орнату үшін танылған өмір сүру сапасының ұлттық нормативтерін әзірлеу және практикаға енгізу жөніндегі күш-жігерді қабылдау және сонымен бір уақытта ел халқын оңтайлы орналастыру және мемлекетті орнықты дамыту үшін бағдар ретінде

қ ы з м е т

е т у і

қ а ж е т .

Мемлекеттік және қоғамдық өмірдің барлық салаларындағы ұлттық саясат орнықты дамудың нақты осы мақсаттарына - әлеуметтік-экономикалық даму мен елдегі өмір сүру сапасының қарқынды өсуіне бағытталуға тиіс.

Қазақстан Республикасы үшін орнықты дамуға көшу Қазақстан Республикасының орнықты дамуға көшуінің белгіленген параметрлеріне қол жеткізу үшін кезең-кезеңдік негізде өтетін болады (4-кесте). 2009 жылға қарай қоғамдық және саяси қызметтің барлық салаларына орнықты даму қағидаттарын енгізу, экономиканы әртараптандыру технологиялық серпілісті жүзеге асыру үшін жағдай жасалуға тиіс. Осының негізінде, 2012 жылға қарай Қазақстан Республикасының әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіруі қамтамасыз етіледі. 2018 жылға қарай Қазақстан табиғи ресурстарды ұтымды пайдаланбаудан болатын шығынды неғұрлым қысқартып және елдің экологиялық орнықтылығының жоғары деңгейін қамтамасыз ете отырып, барынша дамыған елдер арасында өз жағдайын нығайтуға тиіс. 2024 жылға қарай Қазақстан Республикасы "орнықты даму мемлекеті" мәртебесін алады және еуразия құрлығының орнықты дамуындағы одан арғы прогреске ықпал етеді.

Қазақстан Республикасында орнықты дамуға көшудің жалпы қағидаттары мыналар б о л ы п т а б ы л а д ы :

орнықты дамуға қол жеткізу үдерісіне бүкіл қоғамды тарту;

Қазақстан Республикасының орнықты дамудың әлемдік кепілгері мәртебесіне қол жеткізуі үшін тұрақты саяси даму;

ведомствоаралық ықпалдастық, мемлекетті басқаруға деген жүйелік көзқарас, негізгі даму көрсеткіштерін болжау, жоспарлау және реттеу тиімділігін арттыру;

ел экономикасына жоғары технологиялардың үлесін айтарлықтай арттыру базасында экономикалық прогресс, ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру;

ғылым және білім берудің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету;

халықтың денсаулық жағдайын, салауатты қоғамның парадигмасын енгізу негізінде демографиялық көрсеткіштерді жақсарту;

маңызды қоғамның ноосалалық функциясы ретінде қоршаған ортаны қорғауды ж е т і л д і р у ;

трансөңірлік экожүйелік көзқарас негізінде аумақтық даму.

2. Тұжырымдаманың мақсаты мен міндеттері

Тұжырымдаманың мақсаты өмір сүру сапасын арттыру және елдің ұзақ мерзімді перспективада бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етудің негізі ретінде Қазақстан Республикасының экономикалық, әлеуметтік және экологиялық даму аспектілерінің теңгеріміне қол жеткізу болып табылады.

Мақсатқа қол жеткізу үшін орнықты даму саласында мынадай міндеттерді іске

а с ы р у

қ а ж е т .

1-міндет. Ресурстарды тиімді пайдалану (РТП) көрсеткішін 2012 жылға қарай 37 %-ға, 2018 жылға қарай 43 %-ға және 2024 жылға қарай 53 %-ға дейін арттыру

Осы міндетті шешу Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясының үш басымдығын іске асыруға сәйкес келеді:

бірінші басымдық: Қазақстанның әлемдік экономикаға табысты кірігуі - елдің экономикалық дамуындағы сапалы серпілістің негізі

екінші басымдық: Қазақстан экономикасын орнықты экономикалық өрлеудің іргетасы ретінде одан әрі түрлендіру мен әртараптандыру

төртінші басымдық: қазіргі заманғы білім беруді дамыту, кадрлардың біліктілігін және оларды қайта біліктендіруді ұдайы арттыру және Қазақстан халқы мәдениетінің одан әрі өркендеуі.

Бірінші міндетті іске асыру:

экономиканы әртараптандыруға, жоғары технологиялық және шикізат емес салалардың үлесін ұлғайтуға мемлекеттің елді дамытудың негізгі макроэкономикалық өлшемдерін реттеудегі рөлін күшейтуге;

ғылыми және білім беру ұйымдары нысандарының алуан түрлілігін кеңейтумен, зияткерлік элитаның беделін арттырумен, инновацияларды мемлекеттік қолдаумен, оның ішінде экономика салаларын кластерлік дамыту, материалдық-техникалық базаны түбегейлі жанарту және ғылым-білім беру саласын ресурстық қамтамасыз етуді жақсарту, кадрларды даярлау және қайта даярлау жүйесінің тиімділігін арттыру шеңберінде қолдаумен ғылым мен білім беруді басымдықпен дамыту есебінен технологиялық серпілісті қамтамасыз етуге және осының негізінде отандық тауарөндірушілердің бәсекелік ұстанымға қол жеткізуіне, елдің экспорттық әлеуетін дамытуға;

табиғи ресурстарды өндіру және экспорттау және өзге де салалар арасындағы теңгерімді сақтауға;

тиімді инфрақұрылымды құруға, ірі жол құрылысы бағдарламаларын іске асыруға, қазіргі заманғы байланыс жүйелерін қалыптастыруға негізделетін болады.

Орнықты дамуды және бәсекеге қабілеттілікке қол жеткізуді қамтамасыз ететін ресурстарды пайдалану тиімділігінің (РТП) болжамды көрсеткіштерінің серпіні 5-суретте бейнеленген.

2-міндет. 1000 халыққа кемінде 18-22 жаңа туғандардан келетін деңгейде ұстап тұрған кезде халық өмірінің орташа ұзақтығын 2012 жылға қарай 68 жасқа, 2018 жылға қарай 70 жасқа, 2024 жылға қарай 73 жасқа дейін ұлғайту.

Осы міндетті шешу Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясының бір басымдығын іске асыруға сәйкес келеді:

үшінші басымдық: Халықтың неғұрлым "әлжуаз" топтарын қорғайтын және экономиканың дамуына қолдау көрсететін қазіргі заманғы әлеуметтік саясат.

Орнықты дамудың екінші міндетін іске асыру:
жол, тұрмыстық және өндірістік жарақаттануды төмендету жөніндегі шараларға;
оңтайлы физиологиялық өлшемдерге сәйкес келетін ауыз суға халықтың 100 % қол
жеткізуін қамтамасыз етуге;

әлеуметтік қауіпсіздік деңгейін арттыруға және қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін
енгізуге;

салауатты тамақтану стандарттарын ынталандыруға, нутриционалдық тапшылықты
жоюға (йод, селен және өзге де бағалы микроэлементтер);
жанұяны нығайтуға, бала тууға экономикалық ынтаны құруға, бала тууға көмектесу
, ана мен баланы қорғау жүйесін түбегейлі жақсартуға;
кедейлікпен күреске, Джинни индексінің оңтайлы деңгейіне қол жеткізуге
негізделетін болады.

Орнықты дамуды және өмір сүру сапасының өсуін қамтамасыз ететін, Қазақстан
Республикасы халқының болашақтағы өмірінің орташа ұзақтығының болжамды
көрсеткіштерінің серпіні 6-суретте бейнеленген.

3-міндет. Экологиялық орнықтылық индексі 2012 жылға қарай 10 %-ға, 2018
жылға қарай 15 %-ға, 2024 жылға қарай 25 %-ға дейін ұлғайту.

Осы міндетті шешу Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің
қатарына кіру стратегиясының екі басымдығын іске асыруға сәйкес келеді:

үшінші басымдық: Халықтың неғұрлым "әлжуаз" топтарын қорғайтын және
экономиканың дамуына қолдау көрсететін қазіргі заманғы әлеуметтік саясат;

алтыншы басымдық: Қазіргі заманғы қауіп-қатерлер мен қыр көрсетулерге бара-бар
ұлттық қауіпсіздік стратегиясын іске асыру
үшінші міндетті іске асыру:

Қазақстан өңірлерінің орнықты даму бағдарламаларын іске асырудың экожүйелік
трансөңірлік қағидатын енгізуге;

үздік қол жетімді технологияға көшу мерзімі мен тетігін айқындай отырып, барлық
ірі өнеркәсіптік және энергетикалық объектілер үшін орнықты дамудың мақсатты
өлшемдерін белгілеуге;

қоршаған ортаны қорғаудың неғұрлым тиімді экономикалық тетігін енгізуге, оның
ішінде неғұрлым таза өндірісті жылжыту мақсатында балама энергетика объектілерін
дамытуға;

"жасыл инвестициялар" қазақстандық өнеркәсіптің экологиялық параметрлерін
жақсартуға қаражат тарту үшін халықаралық келісімдердің негізгі ережелері мен
тетіктерін қолдануға;

ел аумағын "тарихи ластанулардан" тазартуға, қалдықтар менеджментінің жүйесін
ынталандыруға негізделетін болады.

Экологиялық орнықтылық индексінің серпіні 7-суретте бейнеленеді.

4-міндет. Орнықты ішкі және сыртқы саясатты іске асыруда Қазақстан

Республикасының көшбасшылығын қамтамасыз ету

Осы міндетті шешу Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясының екі басымдығын іске асыруға сәйкес келеді:

бесінші басымдық: Демократияны одан әрі дамыту және саяси жүйені жаңғырту;

жетінші басымдық: Қазақстанның мүдделерін және өңірлік әрі әлемдік дамудың серпінін ескеретін теңдестірілген және жауапты сыртқы саяси бағытты одан әрі іске

а с ы р у

төртінші міндетті іске асыру:

орнықты даму идеясының төңірегіне саяси күштерді шоғырландыруға;

елде тарихи біртұтас қазақстан халқының, оның ішінде болашақ ұрпақтың мүдделерін білдіретін қоғамдық қозғалыстарды құруға қолдау жасауға;

елде халықаралық орнықты даму аймағын құру жөніндегі Қазақстан Республикасының стратегиялық бағдарламасын жария етуге;

Қазақстанның ДСҰ-ға кіруіне, 2009 жылы ОБСЕ-ге төрағалық етуіне, 2012 жылы Астанада Орнықты даму жөніндегі дүниежүзілік саммитті өткізуге;

тиімді және жауапты жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытуға негізделетін болады.

3. ХХІ ғасырға арналған ұлттық күн тәртібінің

тұжырымдамалық бағыттары 3.1. Тұрақты саяси даму

Ішкі саясат . Қазақстан Республикасындағы ішкі саяси ахуалдың орнықты дамуы бүкіл Қазақстан халқының мүддесінде демократияландыру үдерісін тереңдетуге, саяси жүйені нығайтуға негізделген. Бұл ретте, мемлекеттік даму және демократиялық рәсімдерді қолдану барысында қазақстандықтардың қазіргі ұрпағымен қоса, алдыңғы және болашақ ұрпақтың мүдделері де Қазақстан халқының тарихи біртұтас өкілдері ретінде ескерілуге тиіс.

Қазақстан Республикасының ішкі саясатындағы орнықты даму мынадай жолдармен қамтамасыз етіледі:

демократиялық рәсімдерді жетілдіру, мемлекеттік биліктің барлық деңгейлерінде шешімдер қабылдауда көпшілік пен азшылық пікірін ескеру тетігі ретінде халық билігінің рөлін дәйекті кеңейту;

Қазақстан халықтары Ассамблеясының елдің саяси өміріндегі рөлін арттыру; қазақстандық қоғамның мәдени және саяси дәстүрлерін, бірінші кезекте - үлкенге құрметті, өскелең ұрпақ туралы қамқорлығын сақтау;

саяси оппоненттеу мәдениетін қалыптастыру, кадрлар мен бағдарламалардың бәсекелестігі үшін негіз ретінде сындарлы оппозицияны нығайту, барлық қоғамдық жіктер мен топтардың мүдделерін білдіру;

мемлекеттің бірлік және тұтастығын сақтай отырып, жергілікті өзін-өзі басқаруды нығайту.

Сыртқы саясат . Қазақстан Республикасының әлемде тұрақтылық пен орнықты даму өңірі ретінде айрықша орын алуы үшін бірегей мүмкіндіктері мен саяси жағдайы бар. Қазақстан Республикасының мысалында және жағдайында конфессияаралық, ұлтаралық, әлеуметтік, саяси, экономикалық және мәдени тепе-теңдік қағидаттары іске асырылатын "болашақ мемлекеті" моделі әзірленуі мүмкін.

Қазақстан Республикасының осы тұрғыда ұстанымдануына және оның орнықты дамуын теңгерімді ішкі саясат есебінен қамтамасыз етуге мынадай жолдармен қол жеткізілуге тиіс :

елде орнықты дамудың халықаралық аймағын құру жөніндегі Қазақстан Республикасының стратегиялық бағдарламасын жария ету;

ДСҰ мысалында Астанада штаб-пәтері бар халықаралық экологиялық ұйымды (ЕО) құру ;

көп векторлы, ашық және айқын орнықты ішкі саясатты жүргізу; орнықты даму мәселелері жөніндегі ұстанымды білдіруге арналған трибуна ретінде 2009 жылы ОБСЕ-де Қазақстанның төрағалық етуін қамтамасыз ету;

Қазақстанда халықаралық орнықты даму аймағын құру туралы декларацияға қол қоя отырып, 2012 жылы Астанада орнықты даму жөнінде саммит өткізу.

3.2. Қоғамның орнықты дамуы

Демографиялық ахуалды жақсарту . Қазақстандық қоғамды орнықты дамыту бала туудың тепе-тең өсуі мен жастық құрылымдағы еңбекке қабілетті халықтың үлесін сақтау кезінде өмірдің орташа ұзақтығының артуымен сипатталатын орнықты демографиялық ахуалды қалыптастыруға негізделуге тиіс.

Б ұ л м і н д е т т е р г е :

тұрмыстық, өндірістік және жол жаракаты себептері, жүрек-қан тамырлары және онкологиялық аурулар, тыныс алу органдарының аурулары бойынша халықтың жалпы өлім - жітімін төмендету ;

халықтың ұрпақты болу денсаулығын қорғау жөніндегі шараларды жетілдіру жолымен сәби мен ана өлімін төмендету ;

арнайы геронтологиялық бағдарламалар қабылдау жолымен қартайған жастағы халықтың өмір сүру сапасын жақсарту ;

білім беру мен еңбекпен қамтуды, тұрғын үймен қамтамасыз етуді, әлеуметтік төлемдер жүйесін қоса алғанда, демографиялық өсудің мақсаттарына барабар әлеуметтік саясат арқылы бала тууды ынталандыру ;

АҚТҚ/ЖҚТБ-ның таралуын болдырмау (өсу қарқынын төмендету) жөніндегі шараларды іске асыру ;

ел өңірлері бөлінісінде басқару шешімдерінің нәтижелерін талдаумен және дайындаумен демографиялық ахуалды үздіксіз мониторингтеуді ұйымдастыру есебінен

қол

жеткізілетін

болады.

Ұлтты сауықтыру. Орнықты дамуды қамтамасыз ету үшін қазақстандық ұлт сауықтыру жөніндегі түбегейлі шараларды қажет етеді. Орнықты даму мақсатында сауықтыру жөніндегі шаралар мыналарды қамтиды:

темекі шегуді шектеу жөніндегі шаралар, жалпы сауда залдарында темекі бұйымдарын сатуға тыйым салу, бұқаралық ақпарат құралдарында темекіге қарсы науқандар, "әсер ету топтарында" - дәрігерлер, мемлекеттік қызметшілер, білім беру қызметкерлері арасында темекі шегуден бас тартуды ынталандыру;

алкогольді, әсіресе - күшті ішімдіктерді қолдануды шектеу жөніндегі шаралар, спиртті ішімдіктерді жарнамалауға тыйым салу, спиртті ішімдіктердің сапасын бақылауды қатаңдату, беделді ел басшыларының жеке үлгі көрсетуі;

есірткі бизнесіне қарсы іс-қимылды, нашакорлықпен ауыратын адамдарды мәжбүрлеп емдеуді, есірткіні қабылдамауды насихаттау және есірткіге қарсы қоғамдық иммунитетті қалыптастыру жөніндегі қоса алғанда, есірткіге қарсы күрес жөніндегі шаралар;

тамақтану стандарттарын жақсарту, халықтың жан басына шаққандағы табиғи шырындарды тұтынуды ұлғайту жөніндегі шаралар, салауатты тамақтануды насихаттау, нарықтағы тамақ өнімдерінің сапасын бақылауды күшейту;

қозғалыс белсенділігін арттыру жөніндегі шаралар, оның ішінде тегін спорт және тренажерлық залдардың, балалар спорт секцияларының желісін кеңейту, әлеуметтік жарнама арқылы қозғалысты және салауатты өмір салтын ынталандыру;

"Менің Отаным - Қазақстан" жобасын іске асыруға, гидтер және экскурсия жүргізуші ретінде экологиялық туризмнің белсенді түрлерін ұйымдастыру кезінде жастарды кеңінен тартуды қамтамасыз ету жөніндегі шаралар;

салауатты өмір салтының қағидаттарын енгізу және спорт пен экологиялық туризмнің белсенді түрлерін қазақстандықтардың өмір сүру сапасын арттырудың жаңа идеологиясы ретінде ел азаматтарының қабылдауын қалыптастыру жөніндегі жұмысқа жүйелі көзқарасты қамтамасыз ету жөніндегі шаралар.

Денсаулық сақтауды дамыту. Қазақстандық қоғамды орнықты дамытуды қамтамасыз ету үшін денсаулық сақтау жүйесін жетілдіру қажет, оның ішінде:

елде үздік әлемдік мамандарды тарту арқылы жоғары медициналық технологиялар орталығын құру;

еуропалық аллопатиялық және гомеопатиялық мектептерді, қытай, үнді және қазақ халық медицинасын қоса алғанда, көп полярлы денсаулық сақтау жүйесін дамыту;

денсаулық сақтауды жан басына шағып қаржыландыруды тұрақты арттыру, денсаулық сақтаудың экономикалық жүйесінің маңызды элементтерінің бірі ретінде ерікті медициналық сақтандыруды қолдау;

халықаралық деңгейдегі санаториялық-курорттық мекемелер желісін құруды қоса алғанда, Қазақстан табиғатының сауықтыру ресурстарын белсенді пайдалану;

ыңғайлы жағдайлар жасап, жүкті әйелдер мен босанушыларға қазіргі заманғы медициналық көмек әдістемелерін қолдана отырып, ана мен бала денсаулығын қорғау, бала тууда көмек көрсету жүйесін түбегейлі жақсарту.

Кедейлікпен күрес және әлеуметтік жіктелуді болдырмау . Қазақстандық қоғамды орнықты дамытуды қамтамасыз ету жөніндегі шаралар шеңберінде, өзара байланысты шаралар кешенін қабылдау жолымен кедейшілікті, әсіресе ауылдық жерлерде жою жөніндегі бұдан арғы қадамдарды қолдану қажет. Бұл нәтижелерге мынадай жолдармен жетуге болады :

кедейлік проблемасын шешуге ел өңірлеріндегі бизнес-қоғамдастықтарды тарту; әлеуметтік жәрдемақыны алу кезіндегі бюрократтық рәсімдерді оңайлатуды қоса алғанда, халықты әлеуметтік қорғау жүйесінің, еңбекпен қамту саясатының тиімділігін арттыру .

Азаматтық қоғамды қалыптастыру . Қазақстан Республикасында одан әрі азаматтық қоғам орнату жөніндегі шаралар мынадай жолдармен басымдықпен қабылдануға тиіс :

жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту; патриоттыққа бағдарланған саяси партиялардың, қоғамдық қозғалыстардың қызметі арқылы халықтың азаматтық санасын тәрбиелеу; бұқаралық пионерлік және бойсқауттық қозғалыстарды жаңарту; халықтың ақпаратқа қол жеткізуін кеңейту, электрондық үкіметті дамыту.

Мәдениет және ақпарат . Қазақстандық қоғамда мәдениетті және ақпараттық саясатты орнықты дамыту мынадай жолдармен қамтамасыз етілетін болады: республикалық және жергілікті, әсіресе ауылдық деңгейде мәдениет ұйымдарын басымдықпен құру және қолдау .

Қазақстанның әлемдік мағынасы бар палеонтологиялық, археологиялық және сәулет ескерткіштерін сақтау жөніндегі шұғыл шараларды қабылдау; халықаралық деңгейде қазақстандық мәдениеттің озық жетістіктерін насихаттау; отандық мәдениеттің жалпы маңызы бар бағыттарын, бірінші кезекте - халықтық және симфониялық музыка, драма театры, опера және балет, бейнелеу өнерін қолдау; бұқаралық ақпарат құралдарының патриоттық бағыты мен кәсіптік мәдениетін арттыру ;

ақпараттың қоғамдық еркіндік қағидаттарын бұзатын құбылыстары жоқ Интернет желісінің қазақстандық сегментін құру.

3.3. Орнықты экономикалық прогресс

Әртараптандыру, ресурстарды пайдалану тиімділігінің көрсеткішін арттыру, энергетикалық теңгерімсіздікті жеңу , Қазақстан Республикасының экономикасы өзінің жедел табысты даму сатысында тұрғанына қарамастан, ағымдағы деңгейде оның

тұрақсыздығының басты факторы энергетикалық теңгерімсіздік және ресурстарды пайдалану тиімділігі (РПТ) көрсеткішінің төмендігі болып табылады.

Қазақстанның экономикалық орнықты дамуын қамтамасыз ету үшін осы тұрақсыздық факторларын мынадай жолмен жүзеге асырылады:

шикізат секторының үлесін біртіндеп төмендете отырып, экономиканы құрылымдық қайта құру;

ғылым және-инновацияны ынталандыру негізінде шетелдік аналогтардан - асып түсетін "технологиялық серпілісті" дамыту;

қазіргі заманғы ауыл шаруашылығы технологияларын енгізу;
біріктірілген ұлттық экономикалық және экологиялық есептерді жүргізу жолымен табиғатты ұтымсыз пайдаланудан болатын ұлттық байлық шығындарын есепке алу;
жер, су, орман, минералдық және өзге де ресурстарды пайдаланудың экологиялық әдістерін қоса алғанда, табиғат пайдалануға деген қазіргі заманғы ғылыми негізделген көзқарасты енгізу;

энергетикалық шығынды жеңу саласындағы арнайы мемлекеттік бағдарламаларды, бірыңғай саясатты іске асыру жолымен отандық экономиканың энергиялық тиімділігін арттыру;

ел экономикасын технологиялық қайта қаруландыру, қазіргі заманғы технологияларды пайдалануды ынталандыру және ескірген технологиялар мен жабдықтарды әкелуге тыйым салу;

ұлттық экономика құрылымындағы табиғи ресурстарды пайдаланатын өнеркәсіп үлесін қысқарту ғылымды қажетсінетін, табиғатты сақтайтын жоғары технологиялық өндірістерді дамыту;

алынған пайдалы қазбаларды және өндірілген биологиялық ресурстарды міндетті пайдаланудың олардың қайта өңдеусіз экспортталатын үлесіне қатысты параметрлерін және қалдықтар көлемін айқындау;

қалдықтарды орналастыру полигондарда жинақталған бағалы материалдарды қалпына келтіру және пайдалану;

ауыл шаруашылығы жерлерін жайластыру және табиғи ландшафтарға бейімделген ауыл шаруашылығын жүргізу жүйелерін енгізу, экологиялық таза ауыл шаруашылығы технологияларын дамыту, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердегі табиғи топырақ құнарлығын сақтау және қалпына келтіру;

табиғи ресурстарды заңсыз пайдаланудың барлық түрлерін болдырмау және жолын кесу, қаскерлікпен және биологиялық ресурстар объектілері мен өнімдерінің заңсыз айналымына қарсы күрес;

шаруашылық қызметтің барлық салаларына ресурс үнемдейтін және қалдықсыз технологияларды енгізуді ынталандыру;

қалпына келтірілетін көздерді және қайталама шикізатты пайдалануды қоса алғанда, экологиялық тиімді энергия өндіруді қолдау;

ресурстарды оңтайлы қолданбауға, оның ішінде энергия ресурстарын факелдерде
ж а ғ у ғ а т ы й ы м с а л у ;

тасымалдау кезінде, оның ішінде энергия өндіруді экологиялық негізделген
орталықсыздандыру есебінен энергия мен шикізаттың ысырабын төмендету, ұсақ
тұтынушыларды энергиямен қамсыздандыру жүйесін оңтайландыру;

экологиялық қауіпсіз көлік, көліктік коммуникация мен отын түрлерін, оның ішінде
көміртекті емес түрлері жаңғырту және дамыту;

ірі қалаларда негізгі жол жүру түріне - экологиялық қауіпсіз қоғамдық көлікке көшу
;

тұрмыстық-коммуналдық кешенін қайта жаңартудың және жаңа тұрғын үйлерді
салудың экологиялық қауіпсіз технологияларын дамыту;

ең ұзақ мерзімді пайдалануға есептелген тауар өндірісін қолдау.

Орнықты технологияларды енгізу . Республиканың орнықты дамуын қамтамсыз
ету үшін техникалық әлеует құру өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында, энергетикада,
сумен жабдықтауда, қала шаруашылығын басқаруда және көлікте орнықты -
экологиялық таза және экономикалық жағынан тиімді технологияларды енгізумен
т і к е л е й б а й л а н ы с т ы .

Мұндай технологиялар қоршаған орта үшін рентабельді және қауіпсіз өндірістік
схемаларды, қажетті коммуникативтік және ақпараттық құралдарды, сондай-ақ басқару
мен есеп берудің жаңа тетігін (экологиялық маркетинг және менеджмент, сақтандыру,
табиғат қорғау қызметін есепке алу, ұтымды табиғат пайдалану жүйесі және басқалар)
үйлестіретін кешенді жүйелер болып табылады.

Қазақстан индустриясын дамытудың перспективалық міндеті стратегиялық
бағдарланған бағыттарда - кешенділікте, экологиялық бұзушылық себептерін жоюға
акцент жасай отырып, өндірістік жүйенің аз қалдықтылығында және ең үлкен
тұйықтықта өндірістік технология түрлерін қалпына келтіру болып табылады.
Орнықты технологиялық модель қалыпты өндірістік схемадан: сериялық өндірісімен,
жоғары жылдамдығымен, экономикалық тиімділігімен, орталықтандырылған
бақылаумен және стандарттаумен, адами факторға бағдарлануымен, қоршаған ортаға
ізгілік қарым-қатынасымен, қалдықтарды қайталама кәдеге жаратумен және пайдалану
ж е ң і л д і г і м е н е р е к ш е л е н е д і .

Өндірістік салада орнықты даму міндеттеріне қол жеткізу үшін:

қол жетімді энергетикалық ресурстар мен технологиялық бағдарламаларды ұлттық
қауіпсіздікпен және орнықты даму сценарийлерімен байланыстыратын қалпына
келтірілетін энергия көздерін және таза энергия жөніндегі стратегияларды пайдалануға
негізделген ұлттық энергетикалық жоспарлау жүйесін құру;

олардың шеңберінде өндірісті қайта құрылымдау және экологиялық түрлендіру
ескертпелік сипаттағы маңызды шаралар болып табылатын технологияларды
басқарудың жаңа модельдерін енгізу;

шаруашылық қызмет практикасына орнықты технологияларды: ұзақ мерзімді жоспарлау жүйесін, қаржылық реттеу тетіктерін, қоғамдық қолдау шараларын, дамыған инновациялық құрылымдарды, инфрақұрылымды түрлендіру және трансформациялау үшін жағдайды енгізу мақсатында шешімдер қабылдау және жаңа инфрақұрылымды қалыптастыру үшін құралдар әзірлеу қажет.

Білім және ғылым . Қазақстан Республикасындағы білім беру және ғылым жүйесі орнықты даму мақсаттары мен қағидаттарына сәйкес болады. Орнықты даму мақсатында білім беру мен ғылымды жетілдіру мыналар арқылы жүзеге асырылуға тиіс :

елімізде халықаралық деңгейдегі элиталы оқу мекемелерін және студенттік қалашықтар (кампус тар) құру ;

кәсіптік мамандандырылған жалпыға ортақ орта білімді қамтамасыз ету; қоғамның орнықты дамуының маңызды элементі болып табылатын, бірден нәтиже беретін тек қана ғылыми бағыттарды ғана емес, тұтастай-ғылыми қоғамдастықты да қолдай отырып, өзінің және шетелдік дәстүрлерге де бағдарланған отандық ғылымды р е ф о р м а л а у ;

отандық ғылыми жетістіктерді практикаға енгізуді ынталандыру; мақсатты өндірістік схемалар жергілікті жағдайларға бейімделген технологияларға, қоршаған ортаны оңалту технологияларына, сондай-ақ дәстүрлі білімдерге сүйенетін технологияларға негізделуі үшін перспективалы технологиялық әзірлемелер саласында зерттеулер мен іздестірулерді орындау үшін технологиялық институттар құру және оларды қаржылық қамтамасыз ету ;

ғылыми-әдістемелік деңгейде білімді түрлендіруді жүзеге асыру, оқу, ғылым және өндіріс үдерістерімен бір мезгілде байланысты қағидаттық жаңа құрылымдар құру; инженерлер қызметінің сапасын арттыру үшін ғылыми және технологиялық білім ж ү й е с і н ж е т і л д і р у ;

оқушылардың жобалау, шешімдер қабылдау және шығармашылық жұмысты орындау инновацияның жоғары деңгейін қолдау сияқты жаңа қабілеттері мен дағдыларын дамыту мақсатында орта мектепте технологиялық даярлықты енгізу;

адами ресурстарды дайындау сапасын арттыру және тұлға мен қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарының басымдықтары негізінде көп деңгейлі білім берудің ұлттық жүйесін түрлендіруді қамтамасыз ету;

елдің әлеуметтік, экономикалық және саяси өміріне белсенді қатысуға дайын бәсекеге қабілетті тұлғаны дайындау;

әр түрлі санатты оқушылардың толыққанды білім алуға тең қол жеткізуін қамтамасыз ету, жоғары сынып оқушыларын олардың жеке қабілеттері мен білім алуды жалғастыруға қатысты ниеттеріне, еңбек нарығында өзін-өзі іске асыруына және өз орнын табуына сәйкес оқыту үшін жағдай жасау;

оқушыларды әлеуметтендірудің, мектеп түлектерін кәсіптік білім беру бағдарламаларын меңгеруге тиімді дайындаудың кең мүмкіндіктерін жасау;
халықаралық білім беру кеңістігіндегі ұлттық білім беру жүйесінің сапасы мен нақты бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

ғылыми-технологиялық дамуды мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру;
басым ғылыми бағыттар бойынша бірқатар ашық түрдегі ғылыми зертханалар мен инженерлік бейіндегі жоғары оқу орындары зертханаларын құруды көздейтін, Мемлекеттік ғылымды дамыту бағдарламасын қабылдау;

ҒЗТҚЖ қаржыландыру және ғылымды дамытуды ақпараттық қамтамасыз ету тетіктерін жетілдіру;

қазіргі заманғы аспаптармен, жаңа жабдықтармен, ұйымдастыру техникасымен жарақтандыру жолымен білім беру және ғылым инфрақұрылымын техникалық қайта қаруландыру;

зияткерлік меншікті қорғау саласындағы нормативтік құқықтық базаны жетілдіру, патенттерді пайдалану, шетелдік және отандық инвесторлармен, жеке кәсіпорындармен ғылыми зерттеулер нәтижелерін пайдалану кезінде құқықтық қатынастар орнату;

республикалық және де өңірлік деңгейде жоғары ғылыми білікті мамандарға болжамды қажеттілігін айқындай отырып, республиканың кадрлық әлеуетіне тұрақты мониторинг жүргізу;

экономиканың нақты секторының ұйымдары тапсырыс беруші болып табылатын экономиканың жекелеген салалары бойынша жоғары ғылыми білікті мамандарды дайындауға мақсатты тапсырыс тетігін әзірлеу.

3.4. Экологиялық орнықтылықты қамтамасыз ету

Табиғат ортасын сақтау және қалпына келтіру . Қазақстан Республикасында антропогендік қызмет салдарын табиғи жүйенің өзін-өзі реттеу және өтемақыға қабілеттілігін қолдау үшін жеткілікті, ландшафттық және биологиялық әртүрлілікті сақтау және қалпына келтіру жөніндегі ғылыми-негіздемелік шаралар жүзеге асырылатын болады .

Табиғат ортасын сақтау және қалпына келтіру жөніндегі шаралар мынадай жолдармен іске асады :

биоәртүрліліктің жағдайын және оларды сақтау жөніндегі ескертпе шараларды қадағалау ;

өзінің табиғи мекен ететін ортасындағы, еріксіз қамауда және генетикалық банкадағы сирек кездесетін және жоғалып бара жатқан тірі организмдерді сақтау және қалпына келтіру ;

ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың аудандарын, кемінде ел аумағының 10 %-ына дейін кеңейту ;

антропогендік іс-әрекеттен бұзылған аумақтарды қалпына келтіру өндірістік объектілердің тіршілік ету циклі аяқталысымен, табиғи ландшафтарды толық қалпына келтіруге міндетті талаптарды қолдану;

табиғи жүйенің тұтастығын сақтау және қалпына келтіру, оның ішінде гидротехникалық құрылыстарды, автомобиль және темір жолдарды, газ және мұнай құбырларын, электр беру және өзге де желілік құрылыстарды құру кезінде шаруашылық үдерісінде олардың фрагментациясының алдын алу; қоса;

отынға биоқосымша пайдалану арқылы парник газдарының антропогендік шығарындыларын қысқарту және өзге де шаралар;

шаруашылықта игерілген және урбанизацияланған аумақтарда табиғи биологиялық әртүрлілікті және ландшафтарды сақтау және қалпына келтіру.

Халықтың денсаулығын сақтау және экологиялық негізделген аурулардың алдын алу. Қоршаған орта факторларының қолайсыз әсерінен халықтың денсаулығын қорғау, орнықты даму саласындағы мемлекеттік саясаттың маңызды элементтерінің бірі болып т а б ы л а д ы .

Қолайсыз экологиялық факторлардан халықтың денсаулығын қорғауға мыналар а р қ ы л ы қ о л ж е т к і з і л е д і :

экологиялық тәуекелді бағалау және оның төмендеуі арқылы бағдарламаларды қ а л ы п т а с т ы р у ;

елді мекендердің аумақтарында қоршаған ортаның сапа стандарттарын сөзсіз қ а м т а м а с ы з е т у ;

кала салу шешімдеріне қоныстанатын аймақтан тысқары жерлерге өнеркәсіптік объектілерді шығарумен жаңа әдістерді енгізу;

су құбырының және шөлмектерге құйылған ауыз су сапасына қойылатын т а л а п т а р д ы қ а т а ң д а т у ;

генетикалық өзгертілген тамақ өнімдерін таратуға шектеулер қою; тұрғын үй ортасының, әсіресе радиоактивті параметрлер бойынша жағдайын б а қ ы л а у ;

экологиялық негізделген ауруларды емдеу үшін клиникалық орталықтар құру; қоршаған ортаның келеңсіз факторларының әсерінен халықтың денсаулығына дәлелденген зардапты өтеу тәртібін енгізу.

Төтенше экологиялық жағдайлардың және экологиялық терроризмнің алдын алу. Қазақстан Республикасында төтенше экологиялық жағдайлардың алдын алу жөніндегі және олардың әлеуетті салдарларын жою жөніндегі қызмет мынадай жолдармен жүзеге а с ы р ы л а д ы :

қоршаған орта үшін келеңсіз салдарға әкелу қабілеті бар төтенше жағдайларды б о л ж а у ;

келеңсіз экологиялық салдарлары бар төтенше жағдайлар кезінде халықты жүріп-тұру ережелеріне, қорғаныс іс-қимылы мен әдістеріне оқыту;

төтенше жағдайлардың алдын алу және олардың салдарын жою жоспарына міндетті
экологиялық бөлімдерді қосу;

шаруашылық қызметінің ерекше режимі бар, экологиялық апат және дағдарыс
аймақтарын белгілеуді заңнамалық регламенттеу;

қоршаған орта үшін келеңсіз салдары бар диверсиялар мен техногенді
авариялардың алдын алу;

табиғи ортаның азуын тудыратын химиялық заттарды әдейі қолданудың алдын алу;

табиғи және аграрлық экожүйелерді құртатын, қасақана өрттердің, өнеркәсіптік
қаскерлікті, өсімдік шикізаттарын заңсыз шабу және дайындаудың алдын алу,
сондай-ақ табиғи объектілер мен жүйелерде бұзушылық тудыратын тірі организмдер
түрін террористік мақсатта таратудың алдын алу.

**Генетикалық өзгерген организмдердің пайдаланылуын және таралуын бақылау,
сондай-ақ карантинді және бөтен текті зиянды организмдердің әкелінуін немесе өз
бетімен кіруін болдырмау.** Қазақстан Республикасында генетикалық өзгерген
организмдердің пайдаланылуын бақылауды ұйымдастыру жөнінде шаралар
қабылданады, сондай-ақ карантинді және бөтен текті зиянды организмдердің әкелінуі
мен таралуын болдырмау бойынша бақылау мынадай жолдармен жүзеге асырылатын
б о л а д ы :

өсімдіктер карантині жөніндегі қызметтің тиімді жұмысын халықаралық
стандарттарға сәйкес қамтамасыз ету;

карантиндік және бөтен текті зиянды организмдердің ел аумағына кіруін
болдырмау, таралу ошақтарын анықтау, тоқтату және жою жөніндегі іс-шаралар
жүйесін әзірлеу және іске асыру;

ел ішінде жерсіндіру жұмыстарының жүргізілуін бақылау;
генетикалық өзгерген организмдерді бақылаусыз әкелудің алдын алу жөніндегі
іс-шаралардың жүйесін әзірлеу және іске асыру.

Қоршаған ортаны қорғау үдерісіне жұртшылықтың қатысуы. Қазақстан
Республикасында қоршаған ортаны қорғау үдерісіне жұртшылықтың кең ауқымын
тартуды қамтамасыз етуге басым назар аударылады. Қоршаған ортаны қорғау үдерісіне
жұртшылықтың қатысуы мыналардың есебінен қамтамасыз етіледі:

халықты жаппай экологиялық тәрбиелеу және білім беру, қоғамдық экологиялық
с а н а н ы қ а л ы п т а с т ы р у ;

экологиялық құндылықтар мен қағидаттарды әлеуметтік жарнамалау жөніндегі
ақпараттық науқандар сериясын жүргізу;

қоршаған орта жағдайына және халықтың денсаулығына әсер етуі мүмкін ірі
жобалардың қоршаған ортаға әсерін бағалау үдерісінде қоғамдық пікірді ескерудің
м і н д е т т і л і г і ;

қоғамдық экологиялық сараптаманы дамыту;
экологиялық ақпаратқа халықтың қол жеткізуін қамтамасыз ету.

Қоршаған ортаны қорғауды нормативтік құқықтық қамтамасыз ету. Қазақстан Республикасында орнықты даму және қоршаған ортаны қорғауды нормативтік құқықтық қамтамасыз етуді жетілдіру мыналардың негізінде жүзеге асырылады:

Экологиялық кодекске және осы Орнықты даму тұжырымдамасына сәйкес келтіру, қарама-қайшылықтар мен сәйкессіздікті жою үшін Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілеріне өзгертулер енгізу;

жоғары технологиялар мен әлемдік стандарттарға сәйкес келетін табиғат қорғау нормаларын әзірлеу;

қоршаған ортаны қорғау саласында заңнаманы тиімді қолдану үшін заңға тауелді нормативтік құқықтық актілерді, техникалық құжаттарды, нұсқаулықтарды және стандарттарды дайындау;

халықаралық шарттар мен конвенциялар бойынша міндеттемелер шеңберінде Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасын және осы саладағы халықаралық құқық нормаларын үйлестіру;

қоршаған ортаны қорғау саласында халықтың, шаруашылық қызмет субъектілері мен мемлекеттің мүдделері арасындағы қарама-қайшылықтарды шешудің соттық тетіктерін дамыту және жандандыру;

қоршаған ортаны қорғау саласында прокурорлық қадағалау жүйесін нығайту және прокурорлық ден қою шараларын іске асыру;

Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына сәйкес заңсыз қызметті тоқтату тетіктерін қолдануды қамтамасыз ету.

Мемлекеттік реттеу негіздері . Қазақстан Республикасында орнықты дамуды, табиғатты ұтымды пайдалануды және табиғи байлықтарды сақтауды мемлекеттік реттеу мына жолдармен жүзеге асырылатын болады:

қоршаған ортаны қорғауды, табиғатты ұтымды пайдалануды, су, өсімдік, жануарлар және өзге де ресурстарды басқарудың үйлестірілуін қамтамасыз ету;

су ресурстарын ықпалдастырылған түрде басқару қағидаттарын енгізу;

қоршаған ортаны қорғау саласында өкілеттіктер мен жауапкершілікті жергілікті өзін-өзі басқару деңгейіне беру;

халықаралық қабылданған әдістерді табиғат пайдалануды реттеу цикліне енгізу;

қоршаған ортаны қорғауды, табиғатты ұтымды пайдалануды, су, өсімдік, жануарлар және өзге де ресурстарды басқарудың тиімділігін қамтамасыз ету, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнаманың сақталуын мемлекеттік бақылау;

экологиялық құқық бұзушылықтарды анықтауға, олардың алдын алуға және жолын кесуге бағытталған іс-шаралармен қамтамасыз ету, экологиялық заңнаманы бұзғандығы үшін жазадан бұлтартпау қағидатын сақтауды қамтамасыз етуге қабілетті құқық қорғау және табиғатты қорғау органдарының белсенді іс-қимыл жасауы арқылы экологиялық құқық бұзушылықтардың алдын алу және оларға қарсы күрес жөніндегі ұйымдастырушылық-құқықтық шаралардың тиімді жүйесін құру жолымен

экологиялық құқық бұзушылықтарды болдырмау, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде құқықтық тетікті жетілдіру.

Экологиялық нормалау . Қазақстан Республикасында экологиялық нормалау мыналардың негізінде жүзеге асырылатын болады:

қоршаған орта сапасының экологиялық нормативтерін әзірлеу;
жекелеген өңірлер мен аумақтар үшін қоршаған орта сапасының мақсатты көрсеткіштерін белгілеу мүмкіндігі;

техникалық үлестік және эмиссиялардың есептік нормативтерін белгілеу;
отандық нормативтерді қабылданған халықаралық деңгейлерге келтіру;
халықтың денсаулығы, табиғи объектілер, экожүйе үшін тәуекелдерді бағалау негізінде, елдің экономикалық дамуына қарай олардың қатаңдатылуын ескере отырып, н о р м а т и в т е р д і б е л г і л е у .

Қоршаған ортаға әсерін бағалау . Орнықты даму мақсатында табиғи объектілерге, экожүйеге, халықтың денсаулығына елеулі әсер ете алатын кез келген шаруашылық не өзге белгіленіп отырған қызметтің қоршаған ортаға әсері бағалануға тиіс.

Қоршаған ортаға әсерін бағалау саласында мыналар мемлекеттік реттеу қағидаттары болып табылады:

Объектілердің, өңірлердің және елдің орнықты дамуына белгіленіп отырған қызметтің әсерін бағалау;

күрделілігі әр түрлі деңгейдегі объектілер мен жобалар үшін бағалау жүргізуге қойылатын талаптарды саралау;

заңнамалық актілерге, даму бағдарламаларына, қала құрылысы жобаларына стратегиялық экологиялық бағалау жүргізу;

жобаның сатысында мұндай бағалау жүргізілмеген немесе едәуір техникалық өзгерістер жүзеге асырылған жағдайда, жұмыс істеп тұрған объектілердің қоршаған ортаға әсерін бағалауды жүзеге асыру;

әсер етуін бағалауды орындау кезінде бірыңғай әдістемелік тәсілдерді сақтау;
әсер етуін бағалауды кәсіптік ұйымдардың орындау, қоршаған ортаға әсер етуін бағалаудың объективті және толық жүргізілуіне мамандардың жауаптылығы.

Мемлекеттік экологиялық сараптама . Қоршаған ортаны қорғау саласында уәкілетті орган белгіленіп отырған шаруашылық және өзге де қызмет жобаларын, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын және өзге де материалдарды келісуді мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу жолымен жүзеге асырады .

Мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізудің қағидаттары мыналар болып табылады :

сараптама жүргізу кезіндегі кәсібилік және объективтілік;
іске асырылуы қоршаған ортаға елеулі әсер етуі мүмкін объектілер мен жобалар үшін экологиялық сараптаманың міндеттілігі;

күрделілігі әр түрлі дәрежедегі жобалардың экологиялық сараптамасына қойылатын талаптарды саралау;

кәсіптік экологтар қауымдастықтары мен ғылыми ұйымдарға экологиялық сараптама жүргізу жөніндегі өкілеттіктерді ішінара беру.

Рұқсат беру жүйесі. Қоршаған ортаға берілетін эмиссияларға байланысты қызметтің негізгі түрлерін жүзеге асыру үшін экологиялық рұқсат қажет.

Рұқсат беру жүйесі мыналарға негізделеді:
рұқсатты алу жөніндегі табиғатты пайдаланушылар үшін рәсімдерді оңайлату;
шаруашылық қызметтің жекелеген түрлеріне рұқсат алу үшін хабардар ету қағидатын енгізу;

рұқсатқа өндірістік бақылауға қойылатын талаптарды және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар бағдарламасын қоса алғанда, негізгі талаптарды және табиғатты пайдалану шарттарын қосу;

ресурстар мен шикізат қолданудың, энергиялық тиімділіктің барлық аспектілерін, қолданылатын технологияларға қойылатын талаптарды қамтитын кешенді экологиялық рұқсаттар жүйесіне біртіндеп көшу.

Қоршаған ортаны қорғаудың экономикалық құралдары. Қазақстан Республикасында қоршаған ортаны қорғаудың экономикалық құралдары, мынадай жолдармен пайдаланылатын болады:

қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларды республикалық бюджеттен, жергілікті бюджеттерден, табиғатты пайдаланушылардың қаражатынан, халықаралық қарыздардан және гранттардан және өзге де көздерден қаржыландыру;

қоршаған ортаны қорғау және табиғатты ұтымды пайдалану жөніндегі жобаларды Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес одан әрі республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражатынан ықтимал қаржыландыра отырып, олардың конкурсын ұйымдастыру;

табиғатты пайдаланушының қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларды қаржыландыруға және ықтимал экологиялық залалға өтемақы төлеуге жауапты болатындығын немесе жүзеге асырылатын қызметтен бас тартуға тиіс екендігін білдіретін "ластаушы төлейді" қағидатын іске асыру;

перспективада экологиялық стандарттарды бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікті бір мезгілде күшейте отырып, қоршаған ортаға берілетін эмиссия үшін ақы төлеуден бас тартумен қоршаған ортаға берілетін эмиссия үшін және табиғатты қорғау заңнамасын бұзғаны үшін әкімшілік айыппұлдар төлеудің ынталандырушы сипатын арттыру;

қоршаған ортаға залалды экологиялық сақтандыру, сондай-ақ меншікті қаражатынан тарату сатысында қоршаған ортаны қалпына келтіру жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру үшін кәсіпорындар жанынан қорлар ұйымдастыру экономикалық көрсеткіштерге олардың орта құру функциясын ескере отырып, табиғи

объектілердің толық құнын, сондай-ақ табиғатты қорғау (экологиялық) жұмыстарының (қ ы з м е т т е р і н і ң) қ ұ н ы н қ о с у ;

табиғатты пайдаланушылар арасында квоталармен саудаласу жүйесін енгізу;
табиғатты қорғаудың нарықтық, оның ішінде өнеркәсіптік тауарларды қайта қолдану және қайталама өндеуді ынталандыратын тетіктерін енгізу;
халықаралық конвенциялар және келісімдерде көзделген қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық қаржы-экономикалық тетіктерді пайдалану.

Экологиялық бақылау және аудит . Қазақстан Республикасында экологиялық бақылау мен аудиттің тиімді жүйесінің жұмыс істеуі мынадай негіздерде қамтамасыз е т і л у і т и і с :

өндірістік экологиялық бақылауды дамытуды ынталандыру;
алдын ала құрауышын күшейту, инспекциялардың нәтижелілігін арттыру жолымен мемлекеттік табиғатты бақылау жүйесін жетілдіру;
мемлекеттік табиғатты қорғауды бақылау инспекциялық қызметін неғұрлым замани зертханалық жабдықтармен басым жарақтандыру;
кәсіби аудиторларды және талдамалы зертханаларды тарта отырып, тәуелсіз инспекциялық тексеру ретінде міндетті және бастамашыл экологиялық аудитті жүргізу.

Экологиялық мониторинг . Орнықты даму мақсатында Қазақстан Республикасында қоршаған ортаның жай-күйі және оны ықтимал өзгерту үрдістері туралы әділ ақпаратпен мемлекеттік органдарды, заңды тұлғаларды және азаматтарды қамтамасыз ету мақсатында экологиялық мониторинг жүйесін жетілдіру жүзеге асырылуы тиіс.

О л ү ш і н м ы н а л а р қ а ж е т :

мемлекеттік экологиялық мониторинг жүйесін қоғамның қазіргі заманғы ақпараттық қажеттілігіне бейімдеу;

мониторингтің әдістемелік базасын жетілдіру және зертханалық жабдықтармен ж а р а қ т а л у ы н ж а қ с а р т у ;

қоршаған ортаның жалпы жай-күйі мен антропогенді қысымның деңгейін неғұрлым толық сипаттау үшін бақылау пункттері желісін репозициялау және кеңейту;

ірі елді мекендердің қоныстанатын аймақтарында атмосфералық ауаның ластануының автоматтандырылған цифрлық мониторингі жүйесін құру;

басқару шешімдерін қабылдауды қолдау үшін автоматтандырылған ақпараттық жүйелердің экологиялық мониторингі ақпараттық ағымдары базасын қалыптастыру;

ядролық материалдарды, радиоактивті заттар мен қалдықтарды есепке алу және б а қ ы л а у ж ү й е с і н ж е т і л д і р у .

Қоршаған ортаны қорғауды ғылыми қамтамасыз ету . Қазақстан Республикасында қоршаған ортаны қорғауды ғылыми қамтамасыз ету елдің орнықты даму жолын белгілеу жөніндегі мемлекет қызметінің тиімділігін арттыруда маңызды элементтердің б і р і б о л ы п т а б ы л а д ы .

Қазақстан Республикасында экологиялық ғылым мынадай негізгі бағыттарда дамуы
т и і с :

орнықты даму теориясын жасау;
қоршаған ортаны қорғауды басқарудың ғылыми негіздерін әзірлеу;
қоршаған ортаның жай-күйі индикаторлары жүйелерін қалыптастыру;
экологиялық аудандастыру;
жергілікті экологиялық проблемаларды шешу жолдарын әзірлеу;
жаңа ресурс үнемдеуші, қалдығы аз, экологиялық тиімді технологияларды құру;
олардың орнықты жаңғыртылуын қамтамасыз ететін, жаңартылатын биологиялық
ресурстарды (орман, су, аңшылық-кәсіпшілік, дәрілік және басқалары) пайдаланудың
ғылыми қағидаттарын және технологияларын әзірлеу;
ерекше қорғалатын табиғи аумақтар желісін дамытуды, сирек кездесетін және
құнды жануарлар мен өсімдіктердің түрлерін, сондай-ақ табиғи қоғамдастықтар мен
жүйелерді сақтауды және қалпына келтіруді қоса алғанда, биологиялық әртүрлілікті
сақтаудың тиімді әдістерін әзірлеу;
тірі организмдердің бөтен текті және генетикалық өзгерген түрлерінің таралуын
талдау және осы үдерістерді бақылау мен келеңсіз салдарын - төмендетудің тиісті
әдістерін әзірлеу;
экологиялық-экономикалық бағалаудың әдіснамасы мен әдістерін әзірлеу оның
ішінде олардың орта құру функциясын ескере отырып, табиғи объектілердің бағасын
анықтау;
ластанудың алдын алу және жою, қоршаған ортаны оңалту және қауіпті
қалдықтарды кәдеге жарату құралдары мен әдістерін әзірлеу;
адам аурулары мен қоршаған орта сапасының өзгерістері арасындағы байланысты
зерделеу;
экологиялық мониторингтің қазіргі заманғы әдістерін, сондай-ақ табиғатты
пайдалану және қоршаған ортаны қорғау саласында мемлекеттік басқару мақсатында
ақпараттық технологияларды әзірлеу және дамыту.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастық. Қазақстан
Республикасы мыналарды қоса алғанда, қоршаған ортаны қорғау саласындағы
халықаралық ынтымақтастықты дамытуы тиіс:

Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасын
әлемдегі үздік норма жасау практикасына, әсіресе - Еуропалық Одақтың экологиялық
заңнамасына жақындату;

Қазақстан Республикасында қоршаған ортаны қорғау жөніндегі шаралардың
ашықтығын қамтамасыз ету бойынша халықаралық ұйымдармен және шет
мемлекеттермен өзара іс-қимыл жасау;

экологиялық салада халықаралық стандарттарды енгізу, соның ішінде -
кәсіпорындарда және мемлекеттік басқару органдарында ISO 14001:2004

стандарттарын пайдалануды ынталандыру;
климатты сақтау және парник газдарының шығарындыларын қысқарту жөніндегі
халықаралық күш-жігер жасау үдерісіне Қазақстанның қосылуы;
Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық конвенцияларды кеңейту;
Қазақстанның халықаралық трансшекаралық жобаларға қатысуына жәрдемдесу,
қоршаған ортаны қорғау саласындағы жобаларды халықаралық қаржыландыруды тарту
үшін жағдайлар жасау.

4. ХХІ ғасырға арналған жергілікті күн тәртібін қалыптастыруға деген трансөңірлік және экожүйелік көзқарас

Қазақстан Республикасында экожүйелік қағидаттарға сәйкес орнықты аумақтық
дамуды жүзеге асыру жөніндегі инновациялық саясат іске асырылатын болады.

Қазақстан Республикасында аумақтық деңгейде орнықты даму әкімшілік-аумақтық
бөлу субъектілері шеңберінде ғана жүзеге асырылуы мүмкін емес, өйткені Қазақстан
жағдайында табиғат, оның ресурстары және экожүйелері айқын трансөңірлік сипатта
б о л ы п т а б ы л а д ы .

Осыған байланысты бассейндік қағидат бойынша орнықты экожүйелік дамудың
мынадай: Арал-Сырдария, Балқаш-Алакөл, Ертіс, Есіл, Жайық-Каспий, Нұра-Сарысу,
Тобыл-Торғай, Шу-Талас сегіз аймағы үшін ХХІ ғасырға арналған Жергілікті күн
тәртібін әзірлеу ұйғарылып отыр.

Трансөңірлік негізде, экожүйелік қағидаттарға сәйкес орнықты аумақтық даму
бағдарламаларын қалыптастыру мыналарға:

тұтастай экологиялық жүйелерге жататын аумақтарды басқаруға деген біртұтас
көзқарасқа негізделе отырып, табиғатты тиімді пайдалануды және табиғат ресурстарын
с а қ т а у д ы қ а м т а м а с ы з е т у г е ;

қазіргі табиғи ресурстардың менеджменті жүйесінің тиімсіздігін, ведомстволық
бөлінулер мен функциялардың қайталануын жеңуге;

Қазақстан Республикасының аумақтық тұтастығын нығайтуға және өңірлердің
әлеуметтік-экономикалық жағдайда жіктелуін төмендетуге;

халықаралық қарым-қатынастарда экожүйелік көзқарасты дамыту үшін жағдайлар
жасауға, трансұлттық экологиялық жүйені сақтау жөніндегі бірлескен қызмет
шеңберінде көршілес елдермен ынтымақтастықты тереңдетуге мүмкіндік береді.

Бұл ретте ХХІ ғасырға арналған күн тәртібін қалыптастырудың және орнықты даму
аймақтарын құрудың бассейндік қағидаты елдің әкімшілік бөлінуі,
әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды құру, экономикалық кластерлерді жасау
сияқты аумақтық ұйымдардың өзге де нысандарын алмастырмайды. Сонымен қатар
орнықты даму аймақтары шеңберінде қоршаған ортаны қорғау мүддесі негізінде
ықпалдастық үдерістері белсендірек жүзеге асырылатын болады.

Іс жүзінде, Қазақстан Республикасының мысалында экожүйелік деңгейде аумақтық орнықты дамуға қағидатты жаңа көзқарас әзірленуі мүмкін.

5. Мемлекеттің миссиясы және институционалдық қамтамасыз ету

Орнықты дамуға көшу тұжырымдамасын іске асыру кезінде мемлекеттің неғұрлым маңызды міндеті ұлттық мүдделерді сақтауды қамтамасыз ету және орнықты даму қағидаттарын уақтылы орындау, орнықты дамудың негізгі бағыттарын үйлестіру, сондай-ақ барлық әлеуметтік топтарға орнықты даму үдерістеріне белсенді тартылуға және ортақ күш-жігердің нәтижелерін пайдалануына мүмкіндік беру болып табылады.

Тұжырымдаманы табысты іске асыру үшін мемлекет бірқатар заңнамалық, экономикалық және ұйымдастырушылық шараларды қабылдайтын болады. Орнықты даму тұрғысынан мемлекеттік саясаттың тұрақтылығын және тиімділігін қамтамасыз ету үшін Қазақстанның орнықты дамуының негізгі бағыттары салалық, секторалдық және аумақтық жоспарларға, бағдарламаларға және басқа да тиісті құжаттарға біріктірілуі тиіс.

Орнықтылық тұрғысынан мемлекеттің басты миссиясы мыналардың: экономиканың әр түрлі салалары мен қоғам секторларын үйлесімді дамыту үшін теңгерімді мемлекеттік саясатты жүргізу әрі сектораралық және ведомствоаралық кедергілерді заңнамалық және экономикалық шаралармен жеңу; елдің жұмыс істеуге қабілетті және жұмыс істегісі келетін әрбір тұрғынына, өз еңбегімен өзіне тиісті өмір деңгейін қамтамасыз ету мүмкіндігін ұсыну; қоршаған ортаға келеңсіз әсерін бақылау және реттеу есебінен өткен ұрпақпен салыстырғанда кейінгі ұрпақтың өмір сүру сапасының үздік параметрлерін қамтамасыз ету де.

Мемлекет барабар заңнамалық және экономикалық шараларды қабылдау жолымен табиғи ресурстарды сақтауы, олардың тиімді пайдалануын қамтамасыз етуі тиіс.

Ұлттық мүдделерді сақтау және мәдени құндылықтарды басқару мемлекеттен үлкен қолдау алады. Бұл болашақ ұрпақ үшін құнды мәдени мұраларды сақтауға және қайта жаңғыртуға мүмкіндік береді. Орнықты даму жөніндегі міндеттемелердің табысты орындалуы, егер оның негізгі құрауыштары мен идеяларын бүкіл қоғам болып қолдаған жағдайда ғана қамтамасыз етілуі мүмкін. Мемлекеттік институттар, бизнес-қауымдастығы және азаматтық қоғам арасындағы тиімді ынтымақтастық тең серіктестік қағидатында негізделеді.

Мемлекеттік өңірлерді орнықты дамытуды қамтамасыз ету жөніндегі миссиясы экологиялық даму мен халықтың әл-ауқаты арасындағы айырмашылықты қысқарту үшін барлық өңірлердің дамуын үйлестіру болып табылады. Өзін-өзі басқаруды күшейту және дамыту, ХХІ ғасырға арналған трансөңірлік күн тәртібін іске асыруды

қолдау, қоғамның әр түрлі топтары мен институттарымен ынтымақтастықты жолға қою да мемлекеттің маңызды міндеті болып табылады.

Қазақстан Республикасының орнықты дамуға көшуін институционалдық қамтамасыз етуді Орнықты даму жөніндегі кеңес, "Қазына" орнықты даму қоры" АҚ, Еуразия орнықты инновациялық даму технологияларының ғылыми білім беру орталығы және орнықты дамудың үйлестіру орталықтары алға қояды.

Орнықты даму жөніндегі кеңес . Орнықты дамуға көшу саласында мемлекеттің миссиясын іске асыруды қамтамасыз ететін негізгі орган орнықты даму қағидаттарының және осы тұжырымдаманың ережелерінің мемлекеттік және қоғамдық өмірдің барлық салаларына енгізілуіне жәрдемдесуге тартылған Орнықты даму жөніндегі кеңес (ОДК) болып табылады.

"Қазына" орнықты даму қоры . "Қазына" орнықты даму қоры" АҚ Қазақстан Республикасының орнықты дамуға көшуін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Осы Тұжырымдаманың мақсатына қол жеткізуді қамтамасыз ететін көптеген міндеттер , қомақты инвестицияларды қажет етеді. Бұл инвестицияларды Орнықты даму жөніндегі кеңеспен өзара іс-қимыл жасауда "Қазына" орнықты даму қоры" АҚ қ а м т а м а с ы з е т у і т и і с .

Еуразия орнықты инновациялық даму технологияларының ғылыми-білім беру орталығы . Еуразия орнықты инновациялық даму технологиясының ғылыми-білім беру орталығы Қазақстан Республикасында мынадай функцияларды іске асыру үшін қ ұ р ы л у ы т и і с :

орнықты дамуды қамтамасыз етудің ғылыми базаны дайындау; тиімділік көрсеткіші бойынша шетелдік аналогтардан асып түсетін бірегей серпінді технологияларды (ұйымдастырушылық, техникалық, ақпараттық) құру;

Қазақстан Республикасының орнықты дамуға көшу үдерістерінің мониторингі; орнықты даму саласында кадрларды (2009 жылға дейін 2-3 мың жаңа формациялы м а м а н д а р) д а й ы н д а у .

Орнықты дамуды үйлестіру орталықтары . Тұжырымдаманың мақсаттары мен міндеттерін оның негізгі бағыттары бойынша іске асыру соның ішінде қоршаған ортаның ластануын азайту, өнімділік, энергияны үнемдеу және энергия ресурстарын ұтымды пайдалану, қалдықтардың химиялық қауіпсіздігі және оларды басқару, денсаулықты қорғау және экологиялық жоспарлау, орнықты көлік жүйелері, мәдени мұраны сақтау, шөлейттену және биоәртүрлілік, су проблемалары және ауыз суға қол жеткізу, демография мен көші-қон, азық-түлік қауіпсіздігі, орнықты даму үшін білім беру мәселелері бойынша мемлекеттік емес үйлестіру орталықтарын құру арқылы жү з е г е а с ы р ы л а т ы н б о л а д ы .

Үйлестіру орталықтарының басты функциялары орнықты даму басымдықтарына қол жеткізуді қолдау, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың орнықты даму және

орнықты дамудың институционалдық құрылымдары саласындағы шешімдерді орындау жөніндегі қызметіне өңірлік деңгейде жәрдемдесу.

1-кесте. Орнықты даму индикаторлары

Интегралды параметрлер

1. Өмір сүру сапасы
2. Экологиялық орнықтылық индексі
3. Күтілетін алдағы болашақ өмірдің орташа ұзақтығы (АӨОҰ)
4. Адамзаттық даму индексі
5. Адамзаттық әлеуеттің даму индексі
6. Халықтың кедейлік индексі
7. Халық саны
8. Толық қуат немесе елдің табиғи ресурстарын жиынтық тұтыну
9. Пайдалы қуат немесе жиынтық өнім
10. Қуаттың ысырабы, немесе пайдаланылмаған резервтер
11. Ресурстарды пайдаланудың тиімділігі (РПТ)

Ұйымдастырушылық индекстері

12. Ұлттық орнықты даму стратегиясының болуы (иә, жоқ)
13. Орнықты даму жөніндегі ұлттық кеңестің және орнықты даму жобаларының болуы (иә, жоқ)
14. Орнықты даму бойынша ақпараттық базасының болуы (иә, жоқ)
15. Халықаралық Конвенцияларды, келісімдерді ратификациялау (саны)
16. Орнықты даму бойынша білім алған мамандар саны (адам саны) Экономикалық өс у
17. Халықтың жан басына шаққандағы ЖІӨ, мың долл.
18. Энергияны жылдық тұтыну, млн.кВт/сағ.
19. Қайта өңдейтін салалардың үлесі, ЖІӨ-ге %
20. Жоғары технологиялы өнімдердің экспорты, ЖІӨ-ге %-бен және жалпы экспорт көлемінде % - бен
21. Қайта өңдейтін салалардың экспорты, ЖІӨ-ге %-бен және жалпы экспорт көлемінде % - бен
22. Әкелінетін азық-түлік өнімдерінің үлесі, ЖІӨ-ге %
23. ЖІӨ материал сыйымдылығының деңгейі
24. Негізгі капиталдың жаңару коэффициенті
25. Сыртқы борыш, ЖІӨ-нің %-ы
26. ҚОҚ-ға жұмсалған шығыстар, ЖІӨ-нің %-ы
27. ISO 9001 сапа стандарты бойынша сертификатталған кәсіпорындар саны; кәсіпорындардың жалпы саны және жалпы санының бір бөлігі пайызбен.

28. ISO 14001:2004 сапа стандарты бойынша сертификатталған кәсіпорындар саны; кәсіпорындардың жалпы саны және жалпы санының бір бөлігі пайызбен.

29. OHSAS 18001 сапа стандарты бойынша сертификатталған кәсіпорындар саны; кәсіпорындардың жалпы саны және жалпы санының бір бөлігі пайызбен.

30. Шағын және орташа бизнестің ЖІӨ-дегі үлесі

31. ЖІӨ-нің жүк сыйымдылығы

32. Көлік жүйесінің сенімділігі

Э н е р г е т и к а

33. ЖІӨ-нің энергия сыйымдылығы деңгейі

34. Энергия құны

35. Халықтың энергия тұтынуы

36. Жалпы энергия тұтытуда жаңғыртылатын энергия көлемі; %-бен

37. Жалпы электр тұтытуда жаңғыртылатын энергиядан алынған электр көлемі, %-бен

38. Энергетика объектілерінен атмосфераға шығарындылар деңгейі, жылына тонна

39. Электр энергиясын жалпы тұтырудан электр энергиясы торабындағы ысыраптың үлесі, %

Ә л е у м е т т і к д а м у

40. Халықтың жұмыспен қамтылу деңгейі; еңбекке жарамды халықтың %-дық арақатынасында.

41. Жұмыссыздық деңгейі; халықтың экономикалық белсенді санының %-дық арақатынасында.

42. Кедейлік деңгейі; кедейлік шегінде тұрған адамдардың пайыздық саны (немесе кірісі ең төмен күнкөріс деңгейінен төмен)

43. Халықтың 10 % бай және 10 % кедей топтары кірістерінің арақатынасы

44. Ең аз және орташа жалақының арақатынасы

45. Алдағы салауатты өмірдің орташа ұзақтығы

46. Халықтың өсу қарқыны, %-бен

47. Табиғи өсім

48. Келген тұрғынның кеткенге үлесі (көші-қон коэффициенті), %

49. 1000 тұрғынға өлім-жітім деңгейі

50. Тірі туған 100000 балаға ана өлімі

51. Тірі туған 1000 балаға сәби өлімі

52. Туберкулезден және АҚТК-ЖҚТБ-ен ауыру және өлім деңгейі

53. Туу деңгейі

54. Қауіпсіз ауыз сумен тұрақты қамтамасыз етілетін халық пропорциясы; %.

55. Білім беру мен ғылымға қаржы бөлу, ЖІӨ үлесі %-бен

56. Көлікке қол жетімділік (жан басына шаққанда барлық түрдегі тасымалдаудың жиынтық саны)

57. Халықтың көліктік қауіпсіздігі, ауыр жол-көлік оқиғасының саны (100000 ж о л а у ш ы ғ а) .

58. Қала және ауыл халқының кіріс деңгейінің арақатынасы

Қоршаған ортаның жай-күйі

59. Атмосфераға ластаушы заттардың жалпы шығарындысы: жалпы көлемі (мың, тонна), аумақтың бір бірлігіне (мың. Т/КМ), сондай-ақ ЖІӨ-нің бір бірлігіне (жалпы және шаруашылық қызметтің саласы бойынша)

60. Тотықтыратын қосылыстар эмиссиясы (SO_2 , NO_x), озондық прекурсорлар (NO_2 , құрамында ұшатын органикалық қосылыстары жоқ метан); жалпы көлемі (мың, тонна), аумақтың бір бірлігіне ($км^2$), сондай-ақ ЖІӨ-нің бір бірлігіне (жалпы және шаруашылық қызметтің саласы бойынша)

61. Ластанған ағынды сулар төгіндісі, млн.м³

62. Ластанған ағынды сулардың үлестік төгіндісі, м² /адам

63. Жалпы өңірлік өнімнің бір бірлігіне қалдықтардың пайда болуы, тонна/мың, А Қ Ш д о л .

64. Жер асты суларының сапасы; нитраттар мен аммиак концентрациясы (мг/л)

65. Халықтың жан басына шаққандағы қатты тұрмыстық қалдықтардың пайда б о л у ы , т о н н а / а д а м

66. Жалпы пайда болған қалдықтардың кәдеге жарату үлесі, %

67. Шөлейттену үдерісіне ұшыраған аумақтың алаңы, мың, км

68. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың алаңы, мың га және жалпы аумақтың % - д ы қ а р а қ а т ы н а с ы .

69. Қайта қалпына келтірілген жерлер алаңы; мың га және қайта қалпына келтіруді қажет ететін жердің жалпы аумағынан %-бен

70. Эрозияланған жерлердің алаңы; мың га және ауыл шаруашылығы жерлерінің алаңынан %-бен

Өңірлік даму

71. Өңірдің жан басына шаққандағы ЖӨӨ, мың долл.

72. Өңдеуші өнеркәсіп өнімінің физикалық көлемінің индексі, алдыңғы кезеңге % - б е н

73. Өңдеуші өнеркәсіптің негізгі капиталына инвестициялар көлемі.

74. Өнім экспортының көлемі, млн.долл.

75. ISO 9001 халықаралық сапа стандарттарын енгізген өңірдегі кәсіпорындар саны.

76. ISO 14000 халықаралық стандарт сапасын енгізген аймақтағы кәсіпорындар с а н ы .

77. OHSAS 18000 халықаралық сапа стандарттарын енгізген өңірдегі кәсіпорындар с а н ы .

78. Барлық шағын және орта бизнес субъектілерінің тауарлар шығару, жұмыстары және қызметтерінің көлемі
79. Шағын кәсіпкерлік саласында айналысатындар саны
80. Тұрғын үйлерді іске қосу, жалпы алаңның ш.м.
81. Жұмыссыздық деңгейі
82. Нақты жалақы индексі
83. Табысы ең төмен күнкөріс деңгейінен төмен халық үлесі, ел халқының жалпы орташа санының арақатынасы %-бен.
84. Өңірдегі ластаушы заттардың шығарындысы; т/км және ұлттық көрсеткішпен арақатынасы
85. Өңірдегі орман алаңы; %-бен

2-кесте. Йель экологиялық заңнама және саясат жөніндегі орталығының (Йель университеті) және Жер туралы ғылымдардың халықаралық ақпараттық желісі Колумбиялық орталығының (Колумбия университеті) экологиялық орнықтылық индексі бойынша әлем елдерінің рейтингі (2006 жыл)

№	Ел	Экологиялық тұрақтылық индексі
1	2	3
1.	Жаңа Зеландия	88,0
2.	Швеция	87,8
3.	Финляндия	87,0
4.	Чехия	86,0
5.	Ұлыбритания	85,6
6.	Австрия	85,2
7.	Дания	84,2
8.	Канада	84,0
9.	Ирландия	83,3
10.	Малайзия	83,3
11.	Португалия	82,9
12.	Франция	82,5
13.	Исландия	82,1
14.	Жапония	81,9
15.	Коста Рика	81,6
16.	Швейцария	81,4
17.	Колумбия	80,4
18.	Греция	80,2
19.	Норвегия	80,2
20.	Австралия	80,1
21.	Италия	79,8

22.	Германия	79,4	
23.	Испания	79,2	
24.	Словакия	79,1	
25.	Тайвань	79,1	
26.	Чили	78,9	
27.	Голландия	78,7	
28.	АҚШ	78,5	
29.	Кипр	78,4	
30.	Аргентина	77,7	
31.	Ресей	77,5	
32.	Словения	77,5	
33.	Венгрия	77,1	
34.	Бразилия	77,0	
35.	Тринидад және Тобаго	76,9	
36.	Ливан	76,7	
37.	Панама	76,5	
38.	Польша	76,2	
39.	Бельгия	75,9	
40.	Эквадор	75,5	
41.	Куба	75,3	
42.	Оңтүстік Корея	75,2	
43.	Ямайка	74,7	
44.	Венесуэла	74,1	
45.	Израиль	73,7	
46.	Габон	73,3	
47.	БАЭ	73,2	
48.	Суринам	73,0	
49.	Түркия	72,8	
50.	Болгария	72,0	
51.	Украина	71,2	
52.	Гондурас	70,8	
53.	Иран	70,0	
54.	Доминикан Республикасы	69,5	
55.	Филиппин	69,4	
56.	Никарагуа	69,2	
57.	Албания	68,9	
58.	Гватемала	68,9	
59.	Сауд Аравиясы	68,3	
60.	Оман	67,9	
61.	Таиланд	66,8	
62.	Парагвай	66,4	
63.	Алжир	66,2	

64.	Иордания	66,0
65.	Перу	65,4
66.	Мексика	64,8
67.	Шри Ланка	64,6
68.	Морокко	64,1
69.	Армения	63,8
70.	Қазақстан	63,6
71.	Боливия	63,4
72.	Гана	63,1
73.	Сальвадор	63,0
74.	Зимбабве	63,0
75.	Молдова	62,9
76.	ОАР	62,0
77.	Грузия	61,4
78.	Уганда	60,8
79.	Индонезия	60,7
80.	Қырғыз	60,5
81.	Непал	60,2
82.	Тунис	60,0
83.	Танзания	59,0
84.	Бенин	58,4
85.	Египет	57,9
86.	Кот д'Ивуар	57,5
87.	Орталық Африка Республикасы	57,3
88.	Мьянма	57,0
89.	Руанда	57,0
90.	Румыния	56,9
91.	Малауи	56,5
92.	Намибия	56,5
93.	Кения	56,4
94.	Қытай	56,2
95.	Әзірбайжан	55,7
96.	Папуа Жаңа Гвинея	55,5
97.	Сирия	55,3
98.	Замбия	54,4
99.	Вьетнам	54,3
100.	Камерун	54,1
101.	Свазиленд	53,9
102.	Лаос	52,9
103.	Того	52,8
104.	Гамбия	52,3

105.	Түрікменстан	52,3
106.	Өзбекстан	52,3
107.	Сенегал	52,2
108.	Бурунди	51,6
109.	Либерия	51,0
110.	Камбоджа	49,8
111.	Сьерра Леоне	49,5
112.	Конго	49,4
113.	Гвинея	49,2
114.	Гаити	48,9
115.	Монғолия	48,8
116.	Мадагаскар	48,6
117.	Тәжікстан	48,2
118.	Үндістан	47,7
119.	Корей Демократиялық Республикасы	46,3
120.	Гвинея Бисау	46,1
121.	Мозамбик	45,7
122.	Иемен	45,2
123.	Нигерия	44,5
124.	Судан	44,0
125.	Бангладеш	43,5
126.	Буркина Фасо	43,2
127.	Пәкістан	41,1
128.	Ангола	39,3
129.	Эфиопия	36,7
130.	Мали	33,9
131.	Мавритания	32,0
132.	Чад	30,5
133.	Нигер	25,7

3-кесте. Қоғам, табиғат және адам халықаралық университеті халқының өмір сүру сапасы бойынша әлем елдерінің рейтингі (Дубна қаласы, Ресей)

№N	Ел	Өмір сүру сапасы
1	2	3
1.	Норвегия	3,83
2.	Исландия	3,80
3.	Австралия	3,70
4.	Люксембург	3,60
5.	Канада	3,50
6.	Швеция	3,35

7.	Швейцария	3,20
8.	Ирландия	2,96
9.	Бельгия	2,93
10.	АҚШ	2,88
11.	Жапония	2,74
12.	Нидерланды	2,42
13.	Финляндия	2,40
14.	Дания	2,35
15.	Франция	2,31
16.	Германия	2,27
17.	Австрия	2,20
18.	Италия	2,15
19.	Жаңа Зеландия	2,10
20.	Ұлыбритания	2,09
21.	Испания	2,07
22.	Гонконг, Китай	2,07
23.	Израиль	2,05
24.	Греция	2,05
25.	Сингапур	2,05
26.	Словения	2,05
27.	Португалия	2,03
28.	Корея	2,03
29.	Кипр	2,03
30.	Барбадос	2,03
31.	Чехия	2,03
32.	Мальта	2,03
33.	Аргентина	2,01
34.	Венгрия	2,01
35.	Польша	2,01
36.	Чили	2,01
37.	Эстония	2,01
38.	Литва	2,01
39.	Қатар	2,00
40.	БАЭ	2,00
41.	Словакия	2,00
42.	Бахрейн	2,00
43.	Кувейт	2,00
44.	Хорватия	2,00
45.	Уругвай	2,00
46.	Коста-Рика	1,90
47.	Латвия	1,90
48.	Сент-Китс және Невис	1,80

49.	Бағам аралдары	1,80
50.	Сейшель аралдары	1,80
51.	Куба	1,72
52.	Мексика	1,72
53.	Үндістан	1,70
54.	Болгария	1,67
55.	Панама	1,63
56.	Тринидад және Тобаго	1,63
57.	Ливия	1,63
58.	Македония	1,60
59.	Антигуа және Барбуда	1,60
60.	Малайзия	1,59
61.	Ресей	1,57
62.	Бразилия	1,53
63.	Румыния	1,52
64.	Маврикий	1,50
65.	Гренада	1,50
66.	Босния және Герцеговина	1,50
67.	Колумбия	1,50
68.	Доминика	1,50
69.	Оман	1,48
70.	Албания	1,47
71.	Тайланд	1,44
72.	Самоа (Батыс)	1,38
73.	Венесуэла	1,36
74.	Сент-Люсия	1,36
75.	Сауд Аравиясы	1,27
76.	Украина	1,15
77.	Перу	1,10
78.	Қазақстан	1,05
79.	Эквадор	0,82
80.	Беларусь	0,79
81.	Армения	0,45
82.	Филиппины	0,45
83.	Қытай	0,34
84.	Суринам	0,27
85.	Сент-Винсент және Гренадины	0,27
86.	Парагвай	0,25
87.	Тунис	0,18
88.	Иордан	0,18
89.	Белиз	0,17

90.	Фиджи	0,16
91.	Шри-Ланка	0,14
92.	Түркия	0,14
93.	Доминиканская Республика	0,12
94.	Мальдивия аралдары	0,11
95.	Түркіменстан	0,08
96.	Иран	0,07
97.	Грузия	0,06
98.	Әзірбайжан	0,05

4-кесте. Қазақстан Республикасының орнықты дамуға көшуінің қондырғы параметрлерін бағалау (2005 - 2024 жылдар)

Р/с№ N	Интегралды өлшеуіштер	Дайындық кезеңі		Бірінші кезең		Екінші кезең		Үшінші кезең
		2005 ж.	2009 ж.	2012 ж.		2018 ж.	2024 ж.	
1.	Халық саны, млн. адам	15,05	15,66	16,13		17,13	18,18	
2.	Өмірдің орташа ұзақтығы, жыл	66,53	67,87	68,89		70,99	73,14	
3.	Әйел адамның орташа өмір ұзақтығының ер адамның орташа өмір ұзақтығынан асуы, жыл	11,47	10,00	9,3		8,5	7,5	
4.	Қуатты тұтынуы, ГВт	94,85	130,45	154,86		264,86	468,38	
5.	Өндіріс, ГВт	29,40	43,05	57,30		113,10	248,24	
6.	Ысырап, ГВт	65,45	87,40	97,56		151,77	220,14	
7.	Ресурстарды пайдалану тиімділігі, РПТ	0,13	0,33	0,37		0,43	0,53	
8.	Экологиялық тұрақтылық коэффициенті, балл	63	68	73		75	88	
9.	Өмір сүру сапасы, балл	1,18	1,78	2,43		4,35	9,49	

1-сурет. Қазақстан Республикасының ресурстарды пайдалану тиімділігі (РПТ) көрсеткішінің есебі, 2005 жыл.

(Қағаз мәтініне қараңыз)

2-сурет. Қазақстанның әлемнің негізгі елдері арасындағы алдағы салауатты өмірінің (жыл) орташа ұзақтығы және халықтың жан

басына шаққандағы жалпы ішкі өнімінің көлемі бойынша жағдайы (сатып алушылық қабілетінің тепе-теңдігі бойынша, мың АҚШ доллары)

(Қағаз мәтініне қараңыз)

3-сурет. Алдағы салауатты өмірдің орташа ұзақтығы мен экологиялық тұрақтылық индексінің арақатынасы бойынша Қазақстанның жағдайы

Кестені қағаз ретінде қараңыз

4-сурет. Қазақстанның жан басына шыққандағы экологиялық тұрақтылық индексі және энергия тұтынуы (әмбебап бірліктерде) бойынша жағдайы

(Қағаз мәтініне қараңыз)

5-сурет. Орнықты дамуға көшу үдерісінде Қазақстан Республикасының ресурстарды пайдалану тиімділігінің (РПТ) болжамдық серпіні

(Қағаз мәтініне қараңыз)

6-сурет. Орнықты дамуға көшу үдерісінде Қазақстан Республикасы халқының алдағы өмірінің орташа ұзақтығының болжамдық серпіні

(Қағаз мәтініне қараңыз)

7-сурет. Орнықты дамуға көшу үдерісінде Қазақстан Республикасының экологиялық орнықтылығы индексінің болжамдық серпіні

(Қағаз мәтініне қараңыз)

Конвенцияда пайдаланылатын ұғымдар

Орнықты даму - осы заманғы қажеттілікті қанағаттандыратын, бірақ болашақ ұрпақтың өз қажеттілігін қанағаттандыру қабілетіне қауіп төндірмейтін даму;

қуат - бірлігінде әр түрлі қоғамдық және экономикалық үдерістердің қасиеттері көрсетілетін объект энергиясы бір сәтте өзгертін жылдамдық (ГВт);

ресурстарды пайдалану тиімділігі (РПТ) - барлық өндірістер мен үдерістер (өндірістің) пайдалы қуатының өткен кезеңдегі толық қуатқа (тұтынуға) арақатынасы;

экологиялық тұрақтылық коэффициенті (индексі) - Йель экологиялық заңнама және саясат жөніндегі орталығы (Йель университет) және Жер туралы халықаралық ақпараттық желісінің Колумбиялық орталығының (Колумбия университеті) әдістемесі бойынша жыл сайын есептелетін әрі 76 параметр және 16 өлшем есептемесіне негізделген көрсеткіш (экожүйелер жай-күйінің, экологиялық күйзелістің, халық денсаулығының экологиялық аспектілерінің, мемлекеттің әлеуметтік және институционалдық мүмкіндіктері мен халықаралық белсенділігінің көрсеткіштерін қ о с а а л ғ а н д а) ;

өмір сүру сапасы - Қоғам, табиғат және адам халықаралық университетінің (Ресей,

Дубна) әдістемесі бойынша есептелген, өмір сүру ұзақтығын, халықтың әл-ауқатының көрсеткішін және қоршаған орта жай-күйінің көрсеткішін шығаруға тең кешенді к ө р с е т к і ш ;

экожүйелік (бассейндік) қағидат - ірі су бассейндерінің айналасында әлеуметтік-экологиялық жүйелер ұйымдастыруға сәйкес Қазақстан Республикасының аумағын 8 аймаққа аудандастыру;

алдағы салауатты өмірдің орташа ұзақтығы - ағымдағы жылы туған, ауырған уақытына түзетулермен (ДДҰ көрсеткіші), өлім-жітімнің жас бойынша көрсеткіштерін сақтау шартымен шоғырланымның күтілетін орташа өмір сүру ұзақтығы.